



«БЕЙБІТШІЛІК ЕЛШІЛЕРІ» БАС ҚОСҚАН КҮН

Елордада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі өтіп жатыр. Астана төрінде әлемнің ең беделді рухани көшбасшылары бас қосты. Жиынның ашылу салтанатына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, арнайы сөз сөйледі.

Президенттің айтуынша, қазір жер жүзінде сын-қатерлер көбейіп, халықаралық ахуал ушығып тұр. Соның салдарынан түрлі қактығыстар көбеюде. Соғыстың сипаты мен болмысы белең алды.

— Дегенмен біз өткен заманнан дұрыс сабак алып, сындарлы әрі ашық келіссөздерге ұмтылуымыз керек. Мәмілеге балама жоқ. Бұл тұрғыдан алғанда, бүгінгі съездің мән-маңызы айрықша. Дін басшыларын гуманистік көзқарастарды ту еткен Бейбітшілік елшілері деп айтуға болады. Сіздер ортақ мүдде үшін бірігіп, әлем жұртшылығын игі мақсат жолында жұмылдыруға ниет білдіріп отырсыздар. Баршаныңа шынайы ризашылығымды білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, съезд алғаш қызметін бастаған сәттен бері қазіргі заман сын-қатерлерін ашық талқылайтын бірегей алаңға айналды. Конгреске қатысушылардың ұсынымдарына сәйкес, съездің 2033 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы әзірленіп, ол жүзеге асырылып жатыр.

— Аталған құжат біздің бейбітшілікті сақтау, тату-тәтті өмір сүру және баршаға ортақ адамгершілік құндылықтарын берік орнықтыру секілді ортақ мақсатымызды айқындайды. Геосаяси шиеленіс ушыққан заманда мұның бәрі айрықша маңызды. Съездің қорытынды декларациясы ресми құжат ретінде БҰҰ Бас Ассамблеяларында таралады. Бұл — съезд жұмысына берілген жоғары баға. Алдағы мерейтойлық 80-ші сессияда да аталған үрдіс жалғасады деп үміттенемін, — деді.

Президент Қазақстан территориясы ежелден түрлі мәдениеттер тоғысып, өркениеттер өзара біте қайнаскан мекен екеніне назар аударды. Сөзінше, қазақ даласында әлемдегі ең негізгі діндер мен конфессиялардың барлығы дерлік тараған және бір-бірімен жарасым тапқан. Қазір де Қазақстан осы игі дәстүрді сақ тап, одан әрі дамытуға бар күш-жігерін салады.

(Жалғасы 2-бетте)

БІРҚАТАР ДІНИ ДЕЛЕГАЦИЯ ӨКІЛДЕРІМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Астанада өтіп жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі аясында Қазақстан Президенті бірқатар делегация өкілдерін қабылдады.

Қадірлі қонақтардың қатарында Мәскеу және бүкіл Ресей патриархы Кирилл болды. Президент бұл кездесуді Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықты тереңдету жолындағы тағы бір маңызды қадам ретінде сипаттады.

Өз кезегінде Қасым-Жомарт Тоқаев Израильдің бас ашкеназ раввині Кальман Бермен, Израильдің бас сефард раввині Давид Йосеффен, Американың ірі еврей ұйымдары президенттері конференциясы атқарушы төрағасының орынбасары Малькольм Хонлайнмен кездесті.

Президент еліміздің халқы әлемнің негізгі діндерін ұстанатынын айтты. Олардың арасында иудаизмнің орны ерекше. Ал еврей ұйымдары қоғамның ажырамас бөлігі ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясын дамытуға және нығайтуға зор үлес қосып келеді.

Президент қабылдауына Иерусалим Патриархы III Феофил де болды. Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі заманда дін айрықша рөл атқаратынына тоқталып, бейбітшілікті сақтау және дінаралық қарым-қатынас мәдениетін ілгерілетуде дін қайраткерлеріне үлкен жауапкершілік жүктелгенін мәлімдеді.

Бұдан соң Мемлекет басшысы Дүниежүзілік даошылар федерациясының төрағасы Ли Гуанфу, Қытай буддашылар қауымдастығы төрағасының орынбасары Цзин Бо және ҚХР Дін істері жөніндегі бас басқармасының әкімшілік департаменті бастығының орынбасары Сунь Вэй бастаған делегацияны қабылдады. Президент жаһандық өркениетаралық диалогты дамытуда Қытайдың сындарлы рөл атқаратынын, сондай-ақ бұған Төраға Си Цзиньпин зор үлес қосқанын атап өтті.

Кавказ мұсылмандары басқармасының төрағасы Шейх-уль-ислам Аллашүкір Пашазаде де Президент қабылдауында болды. Кездесуде дінаралық диалогты ілгерілету, мемлекеттер арасындағы сенімді нығайту мәселелерінде Қазақстан мен Әзербайжанның ұстанымдары ортақ екені айтылды.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОМАР ХАБТУР ӘЛ-ДАРЕЙМЕН КЕЗДЕСТІ

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі аясында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БАӘ ислам және уақыптар істері жөніндегі бас басқармасының төрағасы Омар Хабтур әл-Дарейді қабылдады.



Қасым-Жомарт Тоқаев пен Омар Хабтур әл-Дарей әлемдегі рухани ахуал мәселелері жөнінде пікір алмасып, дінаралық диалогты дамытудың маңызын атап өтті. Сондай-ақ түрлі конфессиялар арасында өзара түсіністік пен үйлесімді нығайтуға бағытталған бірлескен күш-жігердің өзектілігіне тоқталды.

ПРЕЗИДЕНТ БҰҰ ӨКІЛІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысының Өркениеттер альянсы жөніндегі жоғары өкілі Мигель Анхель Моратиноспен кездесті.

Алдымен Президент қадірлі қонақты Біріккен Ұлттар Ұйымының ислам фобиясымен күрес жөніндегі арнаулы өкілі болып тағайындалуымен құттықтады.

Президент Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізуге тұрақты қолдау білдіріп келе жатқан, сондай-ақ форум аясында Қазақстан тарапымен бірлесіп діни нысандарды қорғау мәселелесі бойынша арнайы сессия ұйымдастырған Альянстың қызметін жоғары бағалады.



Өз кезегінде БҰҰ Бас хатшысының жоғары өкілі Қазақстанда жүзеге асырылған реформалардың маңызын атап өтіп, съезд қорытындысы бейбітшілікті, келісім мен дінаралық диалогты нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді.

ЖОЛДАУ – 2025

ҚАЗАҚСТАН АВИАЦИЯЛЫҚ ХАБҚА АЙНАЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында кезекті рет Үкіметке Қазақстан-ды авиациялық хабқа айналдыру мақсатын қойды. Ол мұны «стратегиялық маңызы зор міндет» деп атады. Осыған орай елімізде жаңа мемлекеттік авиакомпания құру ісі пысықталады. Мұның сыртында Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе әуежайы жаңа мәртебеге ие болып, әлемдік деңгейдегі мультимодальды орталықтарға айналдырылмақ. Үкімет бұл биік міндеттің үдесінен шыға ала ма?

ЖАҢА АВИАКОМПАНИЯ ҚҰРЫЛАДЫ

Мемлекет басшысының пайымдауынша, бұл саладағы ахуал жақсарып келеді. Әйткенмен, оның көлемін арттыра түсуге мол мүмкіндік бар.

— Мен бұған дейін әуемен тасымалданатын жүк көлемін екі есе ұлғайту жөнінде тапсырма бердім. Бұған бірінші кезекте, шетелдің ірі инвесторларын тартып, Ұлттық жүк тасымалдаушы компанияны құру арқылы қол жеткізуге болады. Электронды сауда-саттық пен озық технологиялық өнімдердің саудасы қызып тұрған қазіргі кезде әуемен жүк жеткізу аса жоғары сұранысқа ие әрі табысы көп тасымал түрі саналады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 5-бетте)



ЖАСТАР ЖАСАМПАЗДЫҚҚА ЖОЛ БАСТАЙДЫ



Қазақстанда 14-35 жас аралығындағы жастар саны 6 миллионға жуықтап, ел халқының үштен бірін құрап отыр. Яғни, жастар – еліміздің ең ірі әлеуметтік әрі экономикалық ресурсы, қоғамдағы өзгерістердің қозғаушы күші. Әсіресе, Алматы, Астана және Шымкент секілді мегаполистерде жастардың үлесі жоғары. Олар білім алу, кәсіпкерлікті меңгеру және жұмысқа орналасу мүмкіндігін белсенді пайдаланып келеді.

ТЕАТРҒА ҰЛТТЫҚ КОЛОРИТ КЕРЕК



«Танакөз» және «Сәйгүлік». Бұл екеуі қазір жас режиссер Әли Бидахметтің қолтаңбасына айналды. Премьерадан-ақ көрерменнің ыстық ықыласы айқын біліне бастаған. Қошеметін аямаған сол көрермен бүгін осы қойылым билетінің сатылымға шыққанын асыға күтетін болды. Әйткені шымылдығы түрілген спектакль жүрекке жетті. Бұл – режиссердің шығармашылық қуатының байлығы, ойлау шеңберінің кеңдігі.

АКОРДА

18 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ

«БЕЙБІТШІЛІК ЕЛШІЛЕРІ»
БАС ҚОСҚАН КҮН

(Басы 1-бетте)

— Еліміздің этносаралық және дін-аралық келісімді нығайтуда тәжірибесі мол. Қазақстанның этностық әрі діни толеранттық моделі «Бірлігіміз — әралуандықта» қағидатына сүйенеді. Бұл ұстаным тіпті әлемдік өлшем тұрғысынан бірегей саналатын Қазақстан халқы ассамблеясының қызметінде де көрініс тапқан. Тарихтың өзі қалыптастырған халқымыздың төзімі, ынтымақ-бірлігі мен кен дүниетанымы бүгінде еліміздің бейбітсүйгіш, теңгерімді сыртқы саясатынан анық аңғарылады. Бұл саясат сенімге, диалогқа және ынтымақтастыққа негізделген. Жалпыға ортақ осы құндылықтар мен қағидаттар барша халықтар мен мемлекеттер үшін де маңызды екеніне сенімім кәміл, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев кеше съезд аясында БҰҰ Өркениеттер альянсының діни нысандарды қорғау жөнінде арнаулы сессиясы ұйымдастырылғанын атап өтіп, жаһандағы гуманистік күн тәртібін ілгерілетуге сіңірген еңбегі үшін Альянстың жоғарғы өкілі Мигель Анхель Моратиносқа ризашылығын білдірді.

— Киелі діни орындар мен нысандарды қорғау арқылы біз, шын мәнінде, адамзат өркениетінің қайнар көзін сақтаймыз. Қазақстанда 18 конфессияға тиесілі төрт мыңға жуық діни бірлестік бар. Біз ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі секілді киелі жерлерді, ертеде және қазіргі заманда бой көтерген мешіттерді, православие мен католик шіркеулерін, Алматыдағы будда орталығы мен «Бейт Рахель Хабад Любавич» сияқты синагогаларды қорғап, қолдау көрсетеміз. Мемлекет діни қауым үшін ерекше маңызға ие барлық қасиетті орындардың сақталуын өз қамқорлығына алған. Маңғыстаудағы Бекет ата мешіті, Іле өзенінің жағасындағы Тамғалы тас будда петроглифтері, Алматыдағы Леви-Исхак Шнеерсонның қабірі, католиктер айрықша ардақтайтын Солтүстік Қазақстандағы Мәриямкөл — осының жарқын мысалы. Киелі жерлер наным-сенімі әртүрлі адамдарды біріктіріп, ұрпақтар сабақтастығы мен рухани байланысты сақтайды. Сондықтан біз үшін бұл жай ғана сәулеттік немесе тарихи ескерткіш емес, бейбітшіліктің, өзара құрмет пен халқымыздың мәдени саналуандығының символы, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, соңғы өткен съезден бері әлемде өте жағымсыз үрдістер белен алды. Кейбір саясаткерлер мен сарапшылар бұған «өркениеттер дағдарысы» деп айдар тақты.

— Киплингше айтсақ, «Батыстың аты — Батыс, Шығыстың аты — Шығыс. Олар ешқашан бір арнада тоғыспайды». Бірқатар ірі мемлекетте орын алған кейінгі уақиғаларды шолып өтсек, мұндай ұйғарымның дұрыс көрінуі мүмкін. Бірақ саяси факторды ешқашан естен шығаруға болмайды. Басқаша айтқанда, басқарушы биліктің мемлекеттік құрылым туралы тұжырымы мен тәжірибесін қаперде ұстаған жөн. Олар жүргізетін саясаттың бейбіт диалогты қолдау, мәдениеттердің, түрлі дін мен дүниетанымның ықпалдас-тығы тұрғысынан әрдайым орынды әрі конструктивті бола бермейтінін көріп отырмаз. Әсіреұлтшылдық пен жалған патриотизмнің күн санап белең алуы алаңдатпай қоймайды. Қалыптасқан түсініктердің көз алдымызда өзгеруі жастарды аластырады. Бір жағынан, біз құқықтық консервативті және либералды идеологиялардың қалыптасуына куәміз. Бұл бірқатар елді саяси тұрақсыздыққа әкеледі. Қазақстанда осы тектес жаһандық проблемаларға жіті назар аударылады. Бұл — ішкі саясатымыздың негізгі өзегі. Түрлі этнос, дін және ұлт өкілдері арасында толеранттылық пен өзара құрмет саясатын жүргізу маңызды деп санаймын. «Бірлігіміз — әралуандықта» ұстанымына зиян келтіріп, оған күйе жакқысы келетін, соның ішінде мемлекеттік қызметте және қоғамдық орында елімізді тұрақты мекен ететін халықтардың тілін еркін қолдануға қарсы әрекеттерге қатаң тосқауыл қойылады. Оған «Заң және тәртіп» қағидатына сай құқықтық баға беріледі, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанда соңғы жылдары анағұрлым орнықты, ашық әрі әділ саяси жүйе қалыптастыруға бағытталған ауқымды өзгерістер дәйекті түрде жүргізілгенін атап өтті. Мысал ретінде, адам құқығын қорғау саласын айтарлықтай күшейгенін жеткізді. Конституциялық сот құрылып, омбудсмен институты нығайды, арнайы заңдар мен жарлықтар шығарылды. Жалпыұлттық референдум кезінде азаматтардың басым бөлігі қолдаған 2022 жылғы конституциялық реформа саяси жүйені түбегейлі жаңғыртты.

— Біз «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа алдық. Президентті 7 жылға бір рет сайлау тәртібі бекітіліп, сондай-ақ Мемлекет басшысының жақын туыстарына саяси лауазым атқаруға тыйым салатын нормалар енгізілді. Бұдан бөлек, жақында Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда елімізде бірпалаталы Парламент құру бастамасын көтердім. Аталған ұсыныс халық мүддесіне сай саяси жүйені жаңғырту ниетінен туындап отыр. «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы негізінде қоғамның тұрақтылығы мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ішкі саясатымызда ерекше мән беріледі, — деді Президент.

Мемлекет басшысы инновацияны, соның ішінде жасанды интеллектіні кеңінен енгізуге тоқталып, ұлттық экономиканы жаппай цифрландыру идеясы биылғы Жолдауының арқауы болғанына назар аударды.

— Соңғы жылдары Қазақстан экономикасын реформалауға қатысты ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Мен Жолдауда ұсынған жоспарлар аталған бастаманы одан әрі өрбітеді. Бұл жерде еліміздің жаңа индустриалды қалыбын құру жөнінде сөз болып отыр. Энергетика және коммуналдық инфрақұрылым біртіндеп жаңғыртыла бастады. Қазақстан Шығыс пен Батыс, Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы негізгі құрлық дәлізі саналады. Сондықтан көлік-транзит әлеуетімізді арттыруға айрықша күш саламыз. Жаңа инвестициялық кезеңді бастауға және азаматтардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдауға ерекше көңіл бөлінеді. Осы орайда мемлекет инвестициялық ахуал мен іскерлік ортаны жетілдіруге кірісті. Ұлттық экономиканы дамыту ісінде мемлекеттің ауқымды қаржылық мүмкіндігін жұмылдырумен қатар, ірі инвестиция тартуға тырысамыз. Дегенмен біздің басты байлығымыз — адам. Сол себепті мемлекет адам әлеуетін нығайту бағытында кешенді шара қабылдады. Ұстаздарды, дәрі-

кұрт артқанын жиі айта бастады. Өкінішке қарай, әлемде конструктивті ұсыныстарды ортаға салып, саяси ұстамдылық танытудан гөрі өшпенділік өршіп, геосаяси жіктің арасы алшақтап, әлеуметтік шиеленіс одан сайын ушығып барады. Менін ойымша, мұндай қилы кезеңде диалогқа шақыратын, бірін-бірі жатсынуды доғаруға үндейтін, халықаралық аренадағы өзара сенімді арттыратын басты амал ретінде конструктивті дипломатия алдыңғы орынға шығуы керек, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, өркениеттер байланысын дамытуда, сондай-ақ адамдар мен қоғам арасындағы сенімді нығайтуда айрықша рөл атқаратын дінбасыларына зор үміт артылады.

— Діни қайраткерлер саясаткерлерді парасаттылыққа, ізгілікке және моральдық жауапкершілікке үндеп, әлемнің құрдымға кетуіне жол бермеу үшін қолдан келгенін бәрі жасайтынына сенімдімін. Дүниежүзінде мұндай үлгі тұтар талпыныстар жоқ емес. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі, Адамзат бауырластығы туралы құжат, Мекке декларациясы, Бахрейн форумы, Біріккен Араб Әмірліктеріндегі «Ибраһим зәуатының үйі» — осы бастамалардың барлығы тізе қосып әрекет етсе, дін ұйыстырушы күшке айналатынын көрсетеді. Мұндай тәжірибені одан әрі дамытып, кеңінен тарату қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан әрі Президент Қазақстанның дінаралық және мәдениетаралық диалогты нығайтуға қатысты ұстанымымен бөлісті. Халықаралық және өңірлік ұйымдар деңгейінде діни дипломатияның әлеуетін пайдалану маңызды екенін атап өтіп, осыған дейінгі съезд аясында көтерген «Бейбітшілік қозғалысы» атты идеясын талқылауды ұсынды.

— Жоғарғы дін қызметкерлері зорлық-зомбылықты тоқтатуға және бітімге келу жолдарын іздеуге ешқандай саяси реңкісіз, бейтарап үндеу жасау арқылы аталған қозғалысқа моральдық тұрғыдан демеу бола алар еді. Адам өмірінің құны,



герлерді, ғалымдар мен инженерлерді, жастарды қолдау тетіктері жаңа деңгейге көтерілді. Биыл Қазақстанда «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Бұл шешім қоғамда еңбекқорлық культінің маңызды екенін көрсетеді. Біз жаңа мектептер құрылысына, жоғары білім, ғылым, спорт және креативті индустрия салаларын дамытуға, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қамсыздандыру жүйелерін жаңғыртуға қомақты қаржы бөліп отырмаз. Қоғамның экологиялық мәдениетін арттыру үшін жан-жақты шаралар қатылданды. Былтыр «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы басталып, оған миллиондаған отандасымыз қатысты. Мұның бәрі Әділетті, Таза, Қауіпсіз, Қуатты, Цифрлық Қазақстанды — жауапкершілігі жоғары азаматтардың мемлекетін, мүмкіндіктер мен прогрестер елін құру жолындағы басты бағдар саналады, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев әлемде мәдениеттер арасындағы қарама-қайшылық күшейіп, сауда және санкция текетірістері бәсеңдей түрғанына, жаппай қарусыздандудың орнына әскерді қаракандыру жарысы басталып кеткеніне тоқталды.

— Дүниежүзінің әртүрлі аймағында жүріп жатқан гибридіті соғыстардың майдан шебі айқын емес. Алайда қисапсыз адам шығынына ұшыратып, толассыз босқындар нөпіріне түрткі болуда. Экономикаға орасан зор залал тигізіп отыр. Ядролық қақтығыс қаупі қатты алаңдатады. Сарапшылар зұлымдық пен мейірімділік тартысқа түсетін мұндай шешуші сәттің болу ықтималдығы соңғы он жылда



жанышырлық пен мейірбандық секілді жалпыға ортақ құндылықтарға негізделген бұл бастама діндар қауымды ғана емес, саясаткерлерді, халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік емес құрылымдар өкілдерін, сарапшыларды, тіпті жастарды да біріктіре алады. Бейбітшілікті қорғау жолындағы үніміз әлдеқайда өршіл болуы қажет. Осы съезд секілді алаңдар соған септігін тигізеді. Бұл ретте әзірге әлемде баламасы жоқ Біріккен Ұлттар Ұйымына үлкен сенім артамыз. Орайлы сәтті пайдаланып, Алматыда БҰҰ-ның Орталық Азия



мен Ауғанстанға арналған Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын ашу туралы еліміздің ұсынысына қолдау білдіргені үшін Ұйымға мүше барлық мемлекетке ризашылығымды білдіремін. АӨСШҚ, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, ЕҚЫҰ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің ассоциациясы, Араб мемлекеттері лигасы секілді өңірлік құрылымдардың рөлін күшейту қажет, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымдауынша, діни конфессиялар қай заманда да адамдарға түрлі қиындықтар мен тауқыметтерді енсеруге көмектескен. Сондықтан адамның рухани қажеттілігі туралы сөз қозғалғанда, оның дүниелік мұқтаждықтарын да қаперден шығаруға болмайды.

— Елеулі жетістіктерге қарамастан, адамзат көптеген гуманитарлық сын-қатермен бетпе-бет келіп отыр. Миллиондаған адамдар аштықтан, індеттен, қоршаған ортаның азып-тозуынан және климат өзгерісінен зардап шегуде. Қазақстан кедейлікті азайтуға, экологиялық проблемаларды шешуге және гуманитарлық көмек көрсетуге айтарлықтай күш-жігер жұмылдырады. Бұл мәселелерді келесі жылы сәуір айында Астанада өтетін Экология және орнықты даму өңірлік саммитінде талқылау жоспарланған. Еліміз — мұсылман әлемінің киыр солтүстіктегі ең үлкен аймағы. Отыз жыл бұрын біз Ислам ынтымақтастығы ұйымы

бір дәлелдейді. Оның мүмкіндігін толық пайдалану қажет, — деді Президент.

Мемлекет басшысы әлем күрделі экологиялық қауіп-қатермен бетпе-бет келіп отырғанын, соның ішінде Орталық Азия оны ерекше сезінетінін жеткізді. Себебі мұнда климат өзгерісі әлемдік деңгеймен салыстырғанда өте тез жүріп жатыр. Аймақта құрғақшылық жиі болып, музыкалар еріп, тушы судың қоры азайып келеді.

— Кез келген халықтың рухани дәстүрі табиғатты аялауға, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүруге үйретеді. Өйткені Жер — Жаратушы сыйлаған ортақ үйіміз. Оған қамқорлық таныту — парызымыз. Климаттағы өзгерістер мен оның ауыр салдары — тек ғылыми немесе экономикалық мәселе емес, іргелі адамгершілік құндылықтар үшін сынақ. Ықтимал экологиялық апаттардың алдын алу үшін халықаралық ынтымақты нығайту, сондай-ақ жаһандық және өңірлік деңгейде үйлесімді әрекет ету маңызды. Сондықтан съезд аясында климат өзгерістеріне қарсы күрестегі дін көшбасшыларының рөлі туралы бірлескен құжат әзірлеуді ұсынамын. Аталған құжатта рухани дәстүрлерге негізделген және климат өзгерістеріне осал өңірлерді қолдауға ерекше мән беретін экологиялық жауапкершіліктің жалпыға бірдей қағидаттарын бекітуге болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент әлемнің жаңа технологиялық дәуірге қадам басқанына назар аударды. Жасанды интеллект, үлкен дерекқор, биоинженерия және басқа да революциялық жанышылдықтар адамның тұрмыс-тіршілігін түбегейлі өзгертті. Бірақ этикалық нормалар технологиялық прогрестің қарқынына ілесіп алмай жатыр. Тандау құқығы мен жеке өмірдің құпиялығын қорғау, цифрлық теңдікті және жасанды интеллектіні пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету секілді көптеген дилемма салдарынан жаңа сын-қатерлер туындады.

— Дін көшбасшылары адамгершілік құндылықтар мен асқар мұраттардың сақшысы ретінде адамзаттың цифрлық келешегі туралы пікірталасқа атсалысуы керек деп ойлаймын. Кез келген технология адам игілігіне қызмет етуге тиіс. Ол үшін дін көшбасшыларының, ғалымдар мен технократ-инженерлердің тұрақты диалогын ұйымдастыру қажет. Жасанды интеллект еліміздің қарқынды дамуына жол ашады. Әйтсе де, этикалық нормаларды сақтаудың маңызын жақсы түсінеміз. Сондықтан бұл бағытта кеңінен ынтымақтастық орнатуға әзірміз. Жасанды интеллектіні дамыту этикасы жөніндегі дінаралық комиссия құруды ұсынамын. Ол нейрожелілер мен басқа да серпінді технологияларды жауапкершілікпен пайдаланудың әмбебап қағидаттарын әзірлеумен айналысады. Бұл жерде «алгоритмдерге арналған қағидалар» жинағын әзірлеу туралы сөз болып отыр. Онда адамның қадір-қасиетін құрметтеу, дискриминацияға жол бермеу, аса маңызды шешімдерді бақылауда ұстау мәселелері ескерілуге тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Президент барлық негізгі діни дәстүрлер мейірімділік, әділдік, жақынына жанашырлық, бейбітсүйгіш қасиет секілді жалпы гуманистік құндылықтарды дәріптейтініне назар аударып, Қазақстанның осы ұстанымға бейіл екенін атап өтті. Сондықтан еліміз зорлық-зомбылықты, экстремизмді және өшпенділікті ақтап алу үшін дінді пайдалануға үзілді-кесілді қарсы деп мәлімдеді.

— Бүгінде көптеген ойшылдар пост-секулярлық дәуірдің басталғанын жиі айтады. Яғни, мұндай кезеңде дін қайтадан қоғамдық және саяси өмірдің маңызды факторына айналады. Біздің съезд замана көшінен қалмауға тырысады. Сондықтан дін өкілдерінің диалогын ғалымдар мен сарапшылар қауымдастығымен күшейтеміз. Рухани даналық пен сарапшылар білімінің синтезі жаһандық және өңірлік деңгейдегі өзекті проблемалардың тиімді шешімін табуға жол ашуы мүмкін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Мемлекет басшысы болашақ жастардың қолында екенін жеткізіп, өскелең ұрпақтың барлық дін және мәдениет өкілдерінің арасындағы өзара құрмет пен сыйластық рухын терең сезініп өсуі керек екенін алға тартты. Сол себепті съезд аясында Жас дін көшбасшылары форумы екінші рет өткізіліп жатқанын, форумға қатысушылар ашық пікір алмасуға, бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді.

ӘЛЕМДІК ТАТУЛЫҚТЫҢ АЛТЫН КӨПІРІ



Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі қарсаңында бүгін Бейбітшілік және келісім сарайында съезд Хатшылығының XXIII отырысы өтті. Онда ортақ миссияға табан тіреген түрлі дін өкілі алдағы VIII съезге және Форумның Ізгі ниет елшілерін сайлауға қатысты мәселелерді талқылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев отырысқа қатысушыларға ілтипат білдіріп, съезд 20 жылдан астам уақыт бойы жаһандық дінаралық диалогты нығайтуға, маңызды әлемдік проблемаларды шешуге рухани дипломатияны жұмылдыруға, сондай-ақ толеранттылық пен өзара қолдау идеяларын дәріптеуге ықпал етіп келе жатқанын айтты. Сенат Төрағасы атап өткендей, съездің бейбітшілікті сақтауға және келісім, өзара құрмет, ынтымақтастық мәдениетін нығайтуға бағытталған тың бастамалар мен ұсыныстар айтылатын бірегей диалог алаңына айналуы — барлық қатысушының ортақ жұмысының нәтижесі.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі осы жылдар ішінде өркениетаралық диалогтың маңызды жаһандық форматтарының біріне айналғанын атап өтті. Біздің бүгінгі кездесуіміз халықаралық қатынастар жүйесі өзгерістерге ұшырап, жаңа сын-қатерлер пайда болған және бұрынғылары шиеленісе түскен күрделі кезеңде өтіп отыр. Гуманитарлық дағдарыстардың ұшығуы және мәдени мұралардың қирауы да бөрімізді алаңдатады. Халықаралық қауіпсіздік тетіктері дәрменсіздік танытып, протекционизм мен біржақты әрекеттер артуда. Мұндай жағдайда сындарлы және жасампаз күштердің бірлесіп әрекет етуі аса маңызды. Әлемдік діндер көшбасшыларының жұдырықтай жұмылуы жаһандық проблемаларды шешуге, әлемдегі шиеленістерді азайтуға және диалог пен өзара құрмет мәдениетін дәріптеуге ықпал ететінін көріп отырмыз. Бұл ретте орта державалардың күш-жігері мен дін көшбасшыларының моральдық беделінің синергиясы зор мәнге ие. Сондықтан бүгінгі отырысымыз жаңа халықаралық бітімгершілік және гуманитарлық бастамаларға тын серпін беріп, мазмұнды әрі жемісті өтеді деп

сенеміз», — деді съезд Хатшылығының басшысы.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев VIII съездің күн тәртібіне назар аударып, дінаралық диалогты жолға қою үздіксіз, жүйелі және жоспарлы жұмысты қажет ететінін тілге тиек етті. Бұл ретте тың идеялар мен ұсыныстар және оларды бірлескен жобалар, оның ішінде съезд аясынан тыс бастамалар арқылы да іске асыру айрықша мәнге ие.

«VIII съезд «Діндер диалогы: болашақ жолындағы синергия» тақырыбына арналып отыр. Осы орайда синергия тек ынтымақтастық емес, ол күш-жігерді арттыру екенін айрықша атап өткім келеді. Ал дінаралық диалог — энергия, ашықтық және өзара құрметті қажет ететін тұрақты процесс. Біздің бірлескен жұмысымыз халықаралық жобаларда өзінің логикалық жалғасын табуға тиіс. VII съезден кейін Иерусалимде, Ватиканда, Меккеде және Сингапурда бірлескен іс-шаралар өткізілді. Біз осы тәжірибені одан әрі жалғастыруға және халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделіміз», — деп, Мәулен Әшімбаев БҰҰ Өркениеттер альянсымен бірлесіп өткізетін Дини нысандарды қорғау жөніндегі арнайы сессия, Жас дини лидерлердің II форумы, сараптамалық дөңгелек үстел және секциялық отырыстар аясында талқыланатын тақырыптарға да тоқталып өтті.

Хатшылық отырысында съездің Ізгі ниет елшілері де сайланды. Жұмыс тобының мүшелері кандидатураларды алдын ала талқылап, отырыстың күн тәртібіне енгізген болатын. Олардың қатарында әртүрлі діндердің белсенді өкілдері, сондай-ақ бірнеше жылдар бойы съезд Хатшылығымен тығыз ынтымақтастық орнатқан түрлі саланың көрнекті қайраткерлері бар.

Кездесуге қатысушылар Ізгі ниет елшілері институты қазір съездің идеялары мен құндылықтарын дәріптеу жолындағы тиімді тетіктердің бірі екенін айтты. Сондай-ақ дін көшбасшылары жаһандық сын-қатерлерді еңсеруде рухани дипломатия мен саясаттың күш-жігерін біріктіру және

геосаяси қақтығыстар мен өзге де қайшылықтарды бейбіт жолмен шешуге жәрдемдесу үшін қазақстандық Форумның маңызы зор екенін атап өтті. Одан бөлек, спикерлер съезд алаңында қозғалатын тақырыптардың өзектілігі мен ауқымдылығына мән беріп, діндер мен мәдениеттер арасындағы бейбітшілікті сақтау және әділетсіздік пен соғысты насихаттаудың алдын алу үшін ынтымақтаса жұмыс істеуге дайын екендіктерін білдірді.

Іс-шараның нәтижесінде съезд Хатшылығының XXIII отырысының хаттамасы қабылданып, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі декларациясының ережелері талқыланды. Бейбітшілік пен өзара түсіністік жолындағы ортақ мақсаттың символына айналған қорытынды құжат «Астана бейбітшілік декларациясы 2025» деп аталды.

Мәулен Әшімбаев Хатшылықтың отырысынан кейін Қытай даосистер қауымдастығының төрағасы Ли Гуанфун екіжақты кездесу өткізді. Онда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі аясында ынтымақтастықты одан әрі кеңейтудің басымдықтары белгіленді. Сондай-ақ тараптар жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі көптеген мәселе бойынша Қазақстан мен Қытайдың ұстанымдары сәйкес келетініне назар аударып, бұл барлық бағытта Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын әрі қарай нығайту үшін маңызды артықшылық екенін атап өтті.

Кавказ мұсылмандары басқармасының төрағасы Шейх-ул Ислам Аллашүкір Пашазадемен кездесуде съезд Хатшылығының басшысы аталған басқарма Форумға ұзақ жылдар бойы қолдау білдіріп, оның мақсаттарына жетуге елеулі үлес қосып келе жатқанын айтты және сол үшін алғыс айтты. Сұхбат кезінде қазақ-әзербайжан стратегиялық серіктестігін дамытып, нығайтуға екі елдің Мемлекет басшылары арасындағы сенімді және достық қарым-қатынас үлкен рөл атқарып отырғаны сөз болды.

Бұдан басқа, Мәулен Әшімбаев Somaia Vidyavihar университетінің канцлері және индуизм делегациясының басшысы Самир Шангилал Сомайямен кездесті. Екіжақты кездесуде дінаралық және конфессияаралық диалогты одан әрі ілгерілету, орнықты даму, инклюзивті өсу, сондай-ақ өңірлік байланыс мәселелері талқыланды.

АРХИВ ІСІ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ БІРІНШІ ОҚЫЛЫМДА МАҚҰЛДАНДЫ

Парламент Мәжілісінің Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтіп, депутаттар архив ісі мәселелеріне қатысты түзетулерді қарады.



Архив ісіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы заң жобасы жөнінде Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айбек Сыдықов баяндады. Негізгі, жаңалық «Бірнұғай электронды құжаттар мұрағаты» ақпараттық жүйесін енгізу болмақ. Ол барлық цифрландырылған мұрағаттық құжаттаманы сақтауды, мемлекеттік және ведомстволық мұрағаттардың бизнес-процестерін автоматтандыруды қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардан мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жасалған аудиовизуалды құжаттардың көшірмелерін мұрағатқа тапсыруды талап ету ұсынылды. Бұл шара Ұлттық архив қорын тәуелсіз Қазақстан тарихының оқиғалары мен деректерін көрсететін құжаттармен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл ретте қордың құрамы нақтыланды. Оның ішінде, құжаттардың жаңа түрлері: тәжірибелік-конструкторлық, жобалық-сметалық, қала құрылысы құжаттамасы бар.

Заң жобасында мемлекеттік архивтерде сақталатын азаматтардың дербес деректері мен жеке мәліметтерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік архивтердің функциялары нақтыланады.

Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдардың архив ісі саласындағы еңбек қатынастарын реттеу бойынша құзыреті кеңейтіледі. Енді әкімдіктер ауылдардағы жұмысы үшін қосымша ақы алуға құқығы бар архив қызметкерлері тізімін анықтай алады.

Осы тұста жұмыс тобының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев депутаттардың республикалық мемлекеттік архивтерге «ұлттық» мәртебесін беру туралы түзетулерге бастамашы болғанын атап өтті.

— Атаған норма архивтердің материалдық-техникалық базасын нығайтып, олардың абыройы мен тарихи-мәдени мұраны сақтау жүйесіндегі маңыздылығын арттырады. Жалпы, архивтер ұзақ уақыт бойы назардан тыс қалғаны белгілі. Біз артқа қаймай, қазіргі стандарттарға сай әрекет етеміз. Осы заң жобасының аясында жылдар бойы қордаланған өз мәселелерімізді де шешіп аламыз, — деді депутат.

Талқылау барысында мәжілісмендер баяндамашы мен жауапты мемлекеттік органдардың өкілдерінен бірнұғай электронды архив деректерін сақтау форматы мен қорғалуы, мұрағат қоймаларының жай-күйі, оларды жаңғырту жоспарлары туралы сұрады. Кадр мамандарға қосымша өтемақы төлеу, жастарды тарту шаралары, мамандықтың беделін арттыру мәсе-

лелеріне ерекше назар аударылды. Сондай-ақ ғылыми қоғамдастық пен зерттеушілердің архив құжаттарына қолжетімділігін кеңейту, архив ісін коммерцияландыру, мемлекетке келетін ықтимал жеңілдіктер жөнінде де талқыланды.

Депутат Болатбек Нәжіметдинұлы тарапылатын заңды тұлғалардың құжаттарын мемлекеттік архивтерге тапсырудағы жүйелі бұзушылықтарға тоқталды. Ол талаптарды орындамағаны үшін жауапкершілікті болмауы азаматтардың еңбек өтілі мен зейнетақы құқығын растайтын құжаттарын жоғалтуға әкелуіне сөзін айтты. Құжаттарды архивке бермегені немесе уақытылы өткізбегені үшін жауапкершілікті заңмен бекітуді ұсынды. Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айбек Сыдықов министрлік бұл ұсынысты заң жобасының екінші оқылымына әзірлеу кезінде ескеретінін атап өтті.

Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров аудандық деңгейде мұрағаттарда арнайы білімі жоқ қызметкерлер жиі жұмыс істейтінін, ал мамандандырылған жоғары оқу орындарын бітіргендер қалада қалуды жөн санайтынын айтты. Осы орайда ол баяндамашыдан аудандық мұрағаттарды білікті кадрлармен қамтамасыз ету шараларын сұрады. Айбек Сыдықов мамандарды ауылдық жерлерге көшіруге ынталандыру және олардың жалақысын көтеру жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Нәтижесінде, депутаттар заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Оны одан әрі талқылау жұмыс тобының отырыстарында жалғасады.

Сонымен қатар депутаттар VIII сайланған Парламент Мәжілісінің өкілеттіктерін іске асырудың төртінші сессияға арналған негізгі іс-шаралар жоспарын бекітті.

Мәжіліс комитеттері ТМД-ға мүше мемлекеттердің радиациялық жағдай мониторингін деректерімен алмасу кезіндегі өзара іс-қимылы туралы келісімге, мемлекеттердің радиациялық бақылау деректерімен алмасу саласындағы өзара іс-қимылы туралы келісімге, Қазақстан мен Қытай үкіметтері арасындағы жаңғыртылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру туралы келісімге, сондай-ақ Түркі мемлекеттері ұйымының Азаматтық қорғау тетігін құру туралы келісімге қатысты жаңа ратификациялық заң жобаларын қарауға қабылданды.

Жалпы, отырыс қорытындысында Мәжіліс депутаттары өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 9 депутаттық сауал жолдады.

ЦИФРЛАНДЫРУ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРЕДІ

Астанада ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында еліміздің HR мамандары үшін «HR цифрландырудың жаңа тәсілдері» атты Open Day өтті. Іс-шараны Мемлекеттік қызмет істері агенттігі ұйымдастырған. Агенттіктің ашық есік күнін өткізудегі басты мақсаты – HR қоғамдастыққа кадрлық процестерді цифрландыру турасында ақпарат беру, білікті HR мамандармен саладағы инновациялық шешімдер жөнінде тәжірибе алмасу.

Айсұлу СЪЕЗХАН

Жиында кадр жұмысын автоматтандыруға және цифрлық трансформациялауға арналған заманауи ақпараттық жүйелер мен мемлекеттік қызметтің гибриді моделін қалыптастыруда іске асып жатқан жатқан HR жобалар таныстырылды. Қатысушылар іс-шара аясында агенттік пен академияның тарихи мұражайына, жоғары зерттеу әлеуеті бар ғылыми кітапханаға да экскурсия жасады.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Медеғалиұлы цифрлық трансформацияның маңызын, мемлекеттік және жеке сектордағы HR қыз-

меттері арасындағы әріптестікті нығайту қажетін баса айтты.

— Биыл тамыз айында HR мамандарға арналп форум өткізген едік. Сол кезде Қазақстанның HR менеджерлер қауымдастығымен бірлесіп, агенттікте ашық есік күнін ұйымдастырайық деп келістік. Бүгін HR мамандарға агенттіктің адами ресурстарды әрі қарай дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру, жеке секторлардағы мамандарды мемлекеттік қызметке тарту бойынша атқарып жатқан жұмыстарды таныстырып, ой-пікірімізді, тәжірибемізді бөлісіп жатырмыз, — дейді агенттік басшысы.

Дархан Жазықбайдың айтуынша, Қазақстанды толыққанды цифрлық мемлекетке айналдыру, жасанды интеллект



саласындағы құзыреттерді дамыту кезеңінде агенттіктің де көздеген мақсаты — цифрландыру арқылы мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметтің әлеуетін көтеру. Осыған байланысты агенттік 2023 жылдан бастап e-qyzmet сыртқы порталын толыққанды ашық етіп жариялаған. Сол кезден бері мамандарды мемлекеттік қызметке онлайн форматта қабылдау ісін бастаған.

Бір айтарлығы, e-qyzmet порталына мамандардың білім-білік дағдыларын зерттеп, жасақтауға, олардың атқаратын қызметіне, жүктесіміне, бағыт-нұсқаулықтарына да ЖИ технологиясын кіріктіру қолға алынған көрінеді.

— Алғашында e-qyzmet порталы пилоттық жоба ретінде іске асса, кейін жобамыздың кем-кетігін реттеп, бірқатар жұмысты атқарып жатырмыз. Ал 2026

жылдан бастап толыққанды тәртіп-заңдарды өзгерте отыра, мамандарды мемлекеттік қызметке алуды тек онлайн форматқа көшіреміз. Сонымен қатар жастарды мемлекеттік қызметке тарту үшін былтырдан бастап өңірлік кадрлық резервін құрдық. Қазір грантта оқып жүрген студент-жастарға ауылдық, аудандық, облыстық маңызы бар қалаларға тікелей, конкурстан өтпей бірден өзінің көрсеткішімен барып, жұмысқа орнала алады. Мемлекеттік қызметке сатылап өсем, мансаптық жолын бастаймын десе, мүмкіндік көп, — дейді Д.Жазықбай.

Агенттік төрағасының сөзінше, алда мемлекеттік қызметкерлерге қатысты заман талабына қарай өзгерістер заң жүзінде де көрініс табуы мүмкін. Осы орайда Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары Әлібек Ғазизұлы мемлекеттік қызметті дамытуға қатысты «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның жаңа редакциясының жобасын ұсынды. 2026 жылы агенттік ұсынған заң жобасы парламентке тапсырылып, мемлекеттік қызметкерлердің дамуына жаңа жол ашылмақ.

БАҒДАР

18 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТ



«AMANAT» партиясы жанындағы Білім беру және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысында Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында көтерілген міндеттер, соның ішінде жасанды интеллектті білім беру саласына енгізу мәселесі талқыланды.

Кенес жұмысына Мәжіліс депутаттары Юлия Кучинская, Наталья Дементьева, кенес мүшелері Мария Утебаева, Зауреш Батталова, Айша Тұрмағамбетова, Динара Кудайкулова, Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Майра Мелдбекова, Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының міндетін атқарушы Гүлжан Жарасова, сондай-ақ онлайн форматта облыстардың білім басқармаларының басшылары мен облыс әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

Кенес төрағасы, Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова Жолдауда айтылған жасанды интеллект технологияларының білім беру саласына елеулі серпін беретінін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда цифрлық күн тәртібіне ерекше мән берді. Президент жасанды интеллектті кенінен қолдану және

ауқымды цифрландыру Қазақстанның стратегиялық дамуының басты тетігіне айналуға тиіс екенін атап өтті. Шын мәнінде, бұл кадам елдің барлық саладағы әлеуетін күшейтеді және экономика, әлеуметтік жүйенің жана сапалы деңгейге көтерілуіне жол ашады. Мемлекет басшысы түбегейлі цифрлық өзгерістердің түпкі мақсаты — халықтың тұрмысын жақсарту, өмір сапасын арттыру және Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін нығайту екенін ерекше айтты. Осыған байланысты елімізді толыққанды цифрлық держава ретінде қалыптастыру — жакын жылдардағы негізгі міндеттердің бірі. Бұл бағыт жана технологияларды экономикалық жаңғыру мен әлеуметтік тұрақтылықтың берік негізіне айналдырады. Көзделген максаттарға жету үшін цифрлық дамудың басты бағыттарын мектеп, колледж, университетте жалпы білім саласына енгізу өте өзекті», — деді Жұлдыз Сүлейменова.

Бұдан бөлек, Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Майра Мелдбекова мектептердегі білім беру жүйесіне жасанды интеллект технологиясын енгізудің маңызын атап өтті.

«Жасанды интеллекті негіздерінің барлығын Келешек мектептеріне енгізіп, апробация жасау жоспарда бар. Бесінші сыныпқа арналған математика, информатика және қазақ тілі пәндері бойынша пилоттық бағдарламалар дайындалуда, оларды екінші тоқсаннан бастап енгізу көзделуде. Бұл ретте CodiPlay компаниясы ұсыныс білдіріп, өздерінің жұмысын бастап кетті. Сонымен қатар жасанды интеллектіні LMS бағалау жүйесіне енгізу де жоспарланған. Бұдан бөлек, оқушыларды мамандыққа ерте бейімдеуге арналған «Мансап компасы» платформасы іске асырылуда», — деді Майра Мелдбекова.

Жасанды интеллектіні жоғары оқу орындарына енгізу жұмыстары да қарқын алып келеді. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының міндетін атқарушы Гүлжан Жарасова бұл бағытта атқарылып жатқан нақты жұмыстарға тоқталды.

«Бүгінде студенттерді жоғары технологиялық жобаларға тартуға бағытталған AI Sana бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл бағдарлама студенттердің алған білімін қоғам мен болашақ экономикасы үшін құнды жобаға айналдыруына мүмкіндік береді. Әрбір студент өз мамандығында жасанды интеллектіні қолдануды меңгеріп, болашақта жаңа технологиялар жасап немесе стартаптар аша алады деп күтеміз. Қазір 429 мыңнан астам студент жасанды интеллект негіздері бойынша курстан өтті. Бұл максатта 4 мыңға жуық профессор-оқытушылар құрамы да арнайы сертификатты курстардан өткізілді. Нәтижесінде, елімізде жасанды интеллект мамандарын жаппай даярлау ісі басталды деп айтуға болады», — деді ол.

Сонымен бірге кеңес қорытындысында қатысушылар министрлік өкілдерімен пікір алмасып, жана оқу жылының басталуына байланысты өзекті мәселені көтеріп, оларды шешуге бағытталған ұсынысын ортаға салды.



АРЗАН ИМПОРТ ТЫҒЫРЫҚҚА ТІРЕЙДІ

Арзан тауарлар импорты отандық фермерлерді тығырыққа тіреді. Мемлекет тарапынан субсидияланған көрші елдердің өнімдері қазақстандық нарықты жаулап, жергілікті тауар өндірушілердің табысын күрт азайтқан. «AMANAT» партиясы бұл жағдайды елдің азық-түлік қауіпсіздігіне төнген қауіп деп бағалап, жүйелі шешім ұсынды.

Бұл мәселе «AMANAT» партиясы жанындағы республикалық аграрлық кеңестің кенейтілген отырысында талқыланды. Жиында аграрлық кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Нұржан Әшімбетов жағдайдың кешенді әрі ұзақмерзімді шараларды қажет ететінін мәлімдеді.

«Бұл жағдай ел экономикасына кері әсер етіп, азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіруде. Қысқамерзімді шаралар тек уақытша нәтиже береді. Ең алдымен фермерлердің сенімін нығайту қажет. Егер мемлекет нақты кепілдік берсе, бизнес жана технологияға инвестиция салады, мал басын көбейтеді, зауыт тұрғызады. Бұл жана жұмыс орындарын ашып, ауыл тұрғындарының табысын арттырады», — деді Нұржан Әшімбетов.

Отырыста партия өкілдері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауын жүзеге асыру аясында ішкі нарықты бақылаусыз импорттан қорғау және отандық өндірушілерді қолдау мәселелеріне ерекше назар аударды. Талқылауға Сауда және интеграция министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі өкілдері мен салалық қауымдастықтардың басшылары қатысты.

Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанова толық цифрландырусыз проблеманы шешу мүмкін

емес екенін атап өтті. Оның айтуынша, деректер базасын біріктіру және артық қағазбастылықтан бас тарту — жүйені айқын әрі тиімді етеді.

«Қазір шекарадан өткен тауар туралы ақпарат бізге бірнеше күннен кейін ғана жетеді. Яғни, өнім сөреге қойылған соң барып оның қайдан шыққанын анықтап отырымыз. Мұндай жағдайда сапасыз немесе стандартқа сай емес тауарды уақытылы тоқтату мүмкін емес. Сондықтан негізгі міндет — деректер базасын біріктіру. Бұл өз кезегінде тұтынушылардың сенімін арттырады», — деді ол.

Азық-түлік өнеркәсібі салалық одақтары альянсының хатшысы Андрей Кукушкиннің айтуынша, қазақстандық кәсіпорындар қазір өндірістік қуатының тек 60 пайызын пайдаланып отыр.

«Кәсіпорындардың өндірістік қуаты толық пайдаланылмай отыр, шамамен 40 пайызы бос тұр. Соның салдарынан зауыттар миллиардтаған теңгеден қағылса, нарықты импорт өнімдері жаулап алған. Сауда желілері де көбіне арзан шетелдік тауарды тандайды, ал қазақстандық өндірушілер шетте қалып қояды. Бұдан бөлек, отандық өнімнің үлесі әлі күнге дейін «көзбен шамалап» есептеледі — комиссия супермаркетке барғанда, сөреге алдын ала ең сапалы тауарлар ғана қойы-

лады. Мұндай әдіс шынайы жағдайды көрсетпейді», — деді ол.

«Қазақстан ет одағы» төрағасы Максұт Бактыбаев АӨК үшін ұзақмерзімді стратегия қажет екенін айтты. Оның сөзіне, бизнеске алдағы 10-15 жылға тұрақтылық пен нақты бағдар керек. Ол импорт пен экспортқа талдауды жаңартып, импортты алмастыру мен экспортты дамытудың басым бағыттарын анықтауды ұсынды.

Кездесуде шекарадан заңсыз өнім кіргізу мәселесі де көтерілді. Бұл туралы Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Ветеринариялық бақылау комитетінің төрағасы Қазбек Тәшімов баяндама оқыды.

«Біздің талдау көрсеткендей, көп жағдайда өнім жалған транзит ретінде рәсімделеді. Құжатта Қырғызстанға жөнелтілді деп жазылады, ал шын мәнінде ол Қазақстан нарығында қалады. Мәселен, Түркістан облысында осындай жағдай болды. Ресейден әкелінген тауар Байқоңыр арқылы кіріп, кейін Қызылорда мен Түркістанға таратылды», — деді.

Ол бұл проблеманы шешу үшін «бағдаршам» жүйесі енгізілгенін айтты. Ендігі жүк бірнеше рет кіріп, шықпай қалса, Россельхознадзорға сертификатты уақытша тоқтату жөнінде хат жолданады.

Отырыс қорытындысында шекарадағы бақылауды толық цифрландыру, деректер базасын біріктіру ұсынылды. Бұдан бөлек, сауда желілеріндегі отандық өнім үлесін арттыруға ынталандыратын тетіктер енгізу, «көленкелі» импортпен күресті күшейту, заңнама жетілдірілуі мәселелері талқыланды. Бұл шаралар агроөнеркәсіп кешенінің ұзақ жылдарға тұрақты әрі болжамды дамуын қамтамасыз етеуі тиіс.

Қорытындылай келе, Нұржан Әшімбетов барлық ұсыныс тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп қаралатынын, нақты шешімдер қабылданып, ол отандық өндірушілердің және елдің азық-түлік қауіпсіздігінің мүддесіне қызмет ететінін атап өтті.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТТІ

«AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының ұйымдастыруымен «Құқықтық көмек» жобасы аясында көшпелі қоғамдық қабылдау өтті.

Іс-шараға «AMANAT» партиясы республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің консультанттары Сағындық Жылқыбаев пен Әсел Қожахметова, сондай-ақ қала және аудан әкімдігінің қызметкерлері, құқық қорғау органдарының өкілдері мен кәсіби заңгерлер қатысты. Олар азаматтардың жеке өтініші мен арыз-шағымын тындап, тиісті шешім қабылдауға атсалысты.

«Ауланы абаттандыру, балалар алаңын салу және жаңарту жұмысы қала аумағында кезең-кезеңімен тұрақты түрде жүргізіліп келе жатыр. Бұл мәселе де арнайы хаттамаға енгізіліп, тиісті мекемеге жолданады. Қадағалауға алынып, алдағы уақытта шешімін табады», — деді депутат.

Қабылдау барысында айтылған ұсыныстың бірқатары сол мезетте шешімін



Қабылдауда тұрғындар негізінен жолды жөндеу, аумақты жарықтандыру, сапалы ауызсумен қамтамасыз ету және балалар ойын алаңшасын салу мәселесін көтерді.

Қала тұрғыны Сәбит Бейсенбаев балаларға арналған ойын алаңының ескі элементтері қауіп төндіріп отырғанын айтып, жаңарту қажетін жеткізді.

«Балаларға арналған ойын алаңын жаңартып берсе деген ұсыныспен келдім. Ескі ойын элементтері балаларға айтарлықтай қауіп төндірді. Осындай қауіптің алдын алса екен деп өтінішімді жеткіздім», — деді ол.

Шымкент қалалық мәслихатының депутаты Абзал Зейнетаев тұрғынның өтініші назардан тыс қалмайтынын атап өтті.

тапса, кейбір мәселелер зерделеуді қажет ететіндіктен, арнайы хаттамаға енгізіліп, бақылауға алынды.

Тұрғындардың әлеуметтік және тұрмыстық түйткілдерін шешуге бағытталған «Құқықтық көмек» жобасы тұрақты түрде жалғасын тауып келеді. Жыл басынан бері қала аумағында 253 қоғамдық қабылдау өткізіліп, 1 997 азаматтың өтініші қаралған. Соның 71 пайызы оң шешімін тауып, қалғанына заң аясында түсініктеме берілген. Бұдан бөлек, қалалық және аудандық филиалдарға 8 171 жеке шағым түсіп, олардың 82 пайызы қанағаттандырылды.

«AMANAT» партиясы алдағы уақытта да мұндай қоғамдық қабылдауларды ұйымдастырып, халықтың өтініші мен ұсынысының орындалуына тікелей бақылау жүргізетін болады.

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҮЙРЕНУГЕ ЫНТАЛЫ

«AMANAT» партиясының «Құрмет» бастауыш партия ұйымында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы талқыланды. Бастауыш ұйым құрамындағы ұстаздар қауымы Жолдауда жүктелген міндеттерді жүзеге асыруға дайын.



Ақтөбе облысы бойынша Өрлеу филиалының аға оқытушысы, «Құрмет» бастауыш партия ұйымының мүшесі Гүлнара Абулхайрова педагогтерге Жолдауда айтылған айтылған білім беру жүйесін жетілдіру, цифрлық технологияларды кеңінен енгізу, жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға қатысты негізгі бағыттармен таныстырып, олардың маңызына тоқталды.

«Мемлекет басшысы мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері туралы бағдарлама мен оқу материалын әзірлеуді тапсырды. Бұл — уақыт талабы. Соған сай мұғалімдер

де жана технологияларды меңгеруге дайын деп есептеймін. Алдағы уақытта педагогтардың цифрлық сауатын арттыру, жасанды интеллект технологиясын меңгеру жұмысы қолға алынады», — деді ол.

Жиында сонымен қатар білім беру саласындағы жанашылдықтарды енгізу, мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау және оқушылардың заманауи дағдысын қалыптастыруға қатысты жана мүмкіндіктер де тілге тиек етілді. Қатысушылар Жолдауда жүктелген міндеттерді жүзеге асыруда білім беру қауымдастығының рөлі зор екенін атап өтті.

ДАМУ

ЖОЛДАУ –2025

(Басы 1-бетте)

А **Елдос**
СЕНБАЙ

Үкімет «әуе хабтарын белсенді түрде дамытып, олардың жаһандық логистика тізбегіне кірігуін камтамасыз етуге тиіс». Сонымен қатар экспресс-жүк тасымалдау саласын ретке келтіру қажет. Бұл қадам тұтынушылардың мүддесін қорғау үшін керек. Болашақта, тіпті «әуе тасымалдаушы дрондар компаниясын» құру маңызды болуы мүмкін.

— Қазір бүкіл әлемде пилотсыз жүк тасымалдайтын арнайы автокөліктер мен дрондар сияқты көлік түрлері дамып жатыр. Үкімет осындай технологиялардың тез арада қолданысқа енгізілуіне барынша жағдай жасауға міндетті. Соның ішінде, тиісті құқықтық актілер қабылдауы керек. Жалпы, мен бұған дейін де бірнеше рет айттым: Қазақстан Еуразиядағы көлік хабы болуға тиіс. Бұл — стратегиялық маңызды зор міндет! Бұл жұмысқа осы салада табысқа жеткен үздік мамандар мен кәсіпкерлерді тарту керек. Бірақ негізгі жауапкершілік — Үкіметте, — деп түйінделі Президент.

Мемлекет басшысы шенеуніктердің бұл міндетті жолдаудан жолдауға ұзатып, соза беруіне енді жол бермеуге ниетті. Ол тапсырмасының орындалуы барысын 2026 жылдың басында Үкіметтің жылдық есебінен кейін өтетін арнайы кеңейтілген отырыста қарайтынын ескертті. Ендеше «авиахаб» құру мәселесін шешу үшін Үкіметтің 4-5 айдай ғана мерзімі қалды. Көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаров бұл жұмыс бұрыннан жүріп жатқанын жасырмады. Бірақ жауапкершілікті сырғыту байқалады: Үкімет ол міндетті әл-ауқат қорына қайта жүктепті.

— Карго-тасымалды, яғни әуемен жүк жеткізуді дамыту мақсатында «Самұрық-Қазына» қоры Ұлттық жүк тасымалдаушы авиакомпанияны құру мәселесін бірздан бері пысықтап жатыр. Шынында авиахабтарды дамыту бұдан бұрын басталған. Әуе жүк тасымалымен ғана айналысатын жеке авиакомпания құрылса, сонымен үйлесімде бұл жұмыс жана деңгейге шығып, ерекше мән-маңызға ие болар еді. Авиахаб тұрғысынан еліміздің бәуежайында салықтан босататын арнайы экономикалық аймақ енгізілді. Оларда инфрақұрылымды жаңғырту және кедендік рәсімдеу рәсімдерін оңайлату шаралары қолға алынды, — деді вице-министр М.Қалиақпаров.

Оның айтуынша, пилотсыз қозғалатын және ұшатын көлік құралдары — ғылым мен техниканы дамытудың жоғары перспективалы бағытының бірі. Алайда Қазақстанда әлі күнге пилотсыз көлік құралдарын пайдалану бойынша құқықтық шеңбер нақты айқындалмаған. Ол анықталмайынша, бірде-бір пилотсыз көлік әуеге көтеріле алмайды, не трассамен жүйтқуіне жол берілмейді.

— Пилотсыз құралдардың қызметін одан әрі нысаналы реттеудің негізін қалыптастыру үшін министрлік заңнамалық актілерге түзетулер әзірледі. Әзірге негізгі ұғымдар мен уәкілетті органдардың құзыреті пысықталды. Түзетулер алдын ала барлық мемлекеттік органдармен келісілді. Осы жылдың аяғына дейін қабылдайтын боламыз, — деп сөз берді Көлік министрінің орынбасары.

Бұл ретте ол пилотсыз көліктерді қолдану тиісті инфрақұрылымның болуын



ҚАЗАҚСТАН АВИАЦИЯЛЫҚ ХАБҚА АЙНАЛАДЫ

талап ететінін қаперге салды. Осыған байланысты пилотсыз көліктер арқылы жүк тасымалын ұйымдастыру үшін «smart-жолдарды» салу мүмкіндігі қарастырылуы үстінде. Бүгінде қос тарап пилотсыз тасымалдарды Қазақстан-Қытай шекарасында қолдану бойынша жұмыстарға кіріскені мәлімделді. Демек, алғашқы пилотсыз ұшақтар мен жүк көліктері де екі ел арасында өрлі-берлі ағыла бастауы мүмкін. Осы мақсатта қытай тарапы жүк тасымалына жегілетін пилотсыз көліктерді әзірлеп жатқан көрінеді.

ЕСКІ ӘУЕЖАЙЛАРДЫҢ ЖАҢА МӘРТЕБЕСІ

Көлік министрлігінің мәліметіне жүгінсек, Президент Жолдауын жүзеге асыру жөніндегі Жалпыұлттық жоспарға сәйкес еліміздің жетекші әуежайлары — Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе әуежайы логистикалық қызметтердің толық спектрін ұсынатын әлемдік деңгейдегі мультимодальды орталыққа айналады.

Астанада 2025 жылы «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайын» жаңғырту жобасы басталды. Оның шеңберінде 1,1 млрд доллар көлемінде инвестиция құйылуға тиіс. Осы қаражатқа ІІ-ші ұшу-қону жолағы, сондай-ақ ІІІ-ші жолаушылар және жүк терминалы салынбақ. Сондай-ақ елорданың әуеақпасында индустриалды-логистикалық аймағы, бизнес-орталығы, қонақүй және сауда алаңы бар «Аэрополис» көпфункционалды кешені ашылады.

Алматы әуежайы да 2050 жылға дейінгі дамудың бас жоспары аясында жаңғыртылмақ. Бүгінде І-ші кезеңі басталып кетті: ол ішкі рейстер терминалының реконструкциясын, бөлек такси жолын

салуды, ұшу-қону жолағы мен отын инфрақұрылымын жаңартуды, заманауи жүк перрондары мен техникалық қызмет көрсету ангарын жасауды қамтиды. Сондай-ақ әуежайда жана қонақүй мен көп деңгейлі автотұрақ салу жоспарланған. Құрылыс кезеңінде 1,8 мыңнан астам жұмыс орны ашылады, кейінгі операциялық қызмет барысында 550 тұрақты жұмыс орны құрылады.

Шымкентте 2024 жылдың 25 желтоқсанында ауданы 40 мың шаршы метр болатын жана жолаушылар терминалы ашылып, әуежайдың өткізу қабілеті жылына 800 мыңнан 6 млн жолаушыға дейін артты. Алдағы жылдары ұзындығы 3,5 мың метр болатын жана ұшу-қону жолағын салу жоспарда бар екен. Әуежайды «Оңтүстік» АЭА аумағымен байланыстыратын мультимодальды хаб құру жұмысы қолға алыныпты.

Жалпы, келесі үш жылда Шымкент әуежайында жоспарланған ауқымды қайта құру жұмысына 40,6 млрд теңге бөлінеді. Бұл туралы ақпарат Мемлекеттік сатып алу порталында жарияланды. Әкімдіктің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы жариялаған конкурс шеңберінде құрылыс жұмысы ұшу-қону жолағын қайта салуды, жана ИВП-2 мен рулеждік жолақтарды тұрғызуды қамтиды.

«Бұл — аймақ әуежайының өткізу қабілетін арттырып, халықаралық стандарттарға сай қызмет көрсетуге жол ашатын маңызды қадам. Үшінші мегаполистегі әуеқатынасының сапасы мен қауіпсіздігін

арттыру — тек қала үшін емес, тұтас өңірдің дамуы үшін стратегиялық маңызға ие», — деген басқарма өкілдері реконструкция аяқталған соң әуежайда жолаушы ағыны бірнеше есе ұлғаятынын және жана авиабағыттар игерілетінін айтты.

Ақтөбеде биыл ауданы 15 мың шаршы метр болатын көпфункционалды логистикалық хаб құрылысы басталды. Мұнда қоймалар, қауіпті және тез бұзылатын жүктер үшін тоназытқыш камералар мен бағалы тауарларға арналған секциялар қарастырылған. Бұл әуежайды заманауи халықаралық хабқа айналдыру «ҚазМұнайГаз» компаниясының еншілес компаниясы — «ҚазМұнайГаз-Аэроға» тапсырылған. Ол елдің батысындағы ірі әуеақпасында жана отын құю кешенін салу жобасын іске асыра бастады. Ол аяқталған соң отынды сақтау көлемі 2 еседен көп артпақ.

— Әуеайлағы РТ және ТС-1 маркалы отындармен ғана шектелмей, әрі қарай JET-A1 маркалы отынды жеткізуші алғашқы аймақтық әуежай болады. Бұл стандартқа көшу — Қазақстанды жаһандық әуекеңілі желісімен интеграциялау үшін қажет. Сондай-ақ бұл болашақта экологиялық таза авиаотын (SAF) қолданудың міндетті талабы, — деп түсіндірді ҚМГ-Аэро.

Инвестиция көлемі шамамен 5 млрд теңгеге бағаланған. Сондай-ақ ІІ-ші ұшу-қону жолағының құрылысы қарастыры-



Алматы мен Астана қалаларында ұшып шығу процедураларын автоматтандыру (ATC Clearance Delivery) ұшуға қызмет көрсету деңгейі мен сапасын арттырады. Мемлекет басшысының Қатонқарағай, Зайсан және Кендірлі курорттық аймағын дамыту есебінен елдің туристік әлеуетін қажетке жарату тапсырмасын орындау және ұшу қауіпсіздігін арттыру үшін таулы аудандарда PBN процедуралары енгізіледі.

лады, бұл қолданыстағы жолаққа ұшыру-қондыру процесін тоқтатпай-ақ күрделі жөндеуге мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде Ақтөбе әуежайы толыққанды авиахабқа айналып, Қазақстанның Орталық Азиядағы негізгі транзиттік торап ретіндегі рөлі күшейтуге өз үлесін қосады деп күтіледі.

ҰШАҚТАР САНЫ КӨБЕЙМЕК

Бүгінде елімізде әуекемелерінің паркі 104 бірлікті құрайды, оның ішінде 2025 жылдың бірінші жартысында жеткізілген 6 жана Airbus A320 типті ұшағы мен 1 Boeing 737 MAX 8 жана ұшағы.

— 2030 жылға дейін техникалық парктағы 103 ұшақпен толықтырылады, нәтижесінде 216 бірлікке дейін арттырады. Биыл 36 жана халықаралық маршрут ашылып, нарыққа 8 шетелдік авиакомпа-

ния келді. Ел ішінде 61 бағыт бойынша аптасына 850 рейс жасалады, — деді Мақсат Қалиақпаров.

Салаға жауапты «Қазәронавигация» РМК баспасөз қызметінің хабарлауынша, 2024 жыл қорытындысында отандық әронавигация саласында рекордтық көрсеткіш тіркелген. Бір жылда елдегі әуежайларда транзиттік, халықаралық, ішкі ұшуларды және жүк операцияларын қоса алғанда, жалпы саны 446 106 ұшуға қызмет көрсетті. Оның 334 256-сы — транзиттік ұшу, бұл 2023 жылдағыдан 8%-ға көп (алдыңғы жылы 308,2 мың болған).

Осының өзі республиканың авиахаб қызметін көрсете бастағанын білдірсе керек. Жолаушылар ағыны соңғы жылда 29,7 млн адамға жетті, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 14% артық. Әуе арқылы жүк тасымалының көлемі 55%-дан астам ұлғайып, 25,1 мың рейсті құрады.

— Eurocontrol мен IATA болжамынша, Еуропа-Азия бағыты 2050 жылға қарай үлкен сұранысқа ие болады. Географиялық орналасуының бірегейлігі мен әронавигациялық технологияларға салып жатқан қомақты инвестициялары Қазақстанның осы бағытта өз орнын алып, үлкен үлеске ие болуының кепілі. 2025—2035 жылдарға арналған стратегия аясында бірқатар маңызды жоба іске асырылып жатыр. Оның ішінде, АІМ цифрландыру — электрoндық әэродеректерді енгізу, NOTAM және цифрлық карталарды өңдеуді автоматтандыру бар. Жана халықаралық бағыттар ашылады, — деді «Қазәронавигация» бас директоры Фаат Богдашқин.

Оның дерегінше, Алматы мен Астана қалаларында ұшып шығу процедураларын автоматтандыру (ATC Clearance Delivery) ұшуға қызмет көрсету деңгейі мен сапасын арттырады. Мемлекет басшысының Қатонқарағай, Зайсан және Кендірлі курорттық аймағын дамыту есебінен елдің туристік әлеуетін қажетке жарату тапсырмасын орындау және ұшу қауіпсіздігін арттыру үшін таулы аудандарда PBN процедуралары енгізіледі.

Үкімет осы үш курорттық өңірде заманауи әуежай салуды жоспарлады. Оларға арналған алаңдар анықталды. Зайсанда әуежай Сатпай ауылының маңында, қаладан 25 шақырым жерде және сол аттас көлдің жанында бұрынғы әскери әуеайлақ аумағында салынады. Қатонқарағай ауданында жана әуеайлағы демалыс аймағынан 27 шақырым жерде, Белқарағай ауылының маңында салынады. Кендірліде әуежай курорттық аймақтың жанында, Каспий жағалауынан небәрі 15 шақырым жерде орналаспақ. Десек те, сарапшылар ендігі мәселе қаржыландыруға тіреліп тұрғанын ескертті.

Қалай болғанда, Қазақстан өз алдына Еуропа мен Азия арасындағы жана авиациялық алтын көпірге айналу міндетін қойды. Оның қаншалықты табысты, толыққанды әрі тез жүзеге асары Үкіметтің және жауапты тұлғалардың тиімді, пәрменді қимылына байланысты болады.

ЗЕРДЕ

ҒАРЫШ ТА НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Бүгінде ғарыш саласы әлемдегі технологиялық тәуелсіздік пен жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің бірден-бір көрсеткіші саналады. Себебі дүниежүзіндегі климаттық өзгерістерден бастап, цифрлық байланысқа дейінгі мәселелер ғарыш технологиясына сүйенеді. Әлемдік экономиканың басты драйверіне айналып отырған саланы дамытуда Қазақстан да шет қалмақ емес. Соның бір көрінісі – әлемнің жетекші сарапшылары мен ғарыш агенттігі өкілдерін біріктірген Space Days Kazakhstan халықаралық ғарыш форумы.

А **Алтынай**
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Алматыда өткен ғылыми жиында ғарыш саласына қатысты жаһандық күн тәртібіндегі мәселелер, жана технологиялар және оларды қоғамның тұрақты дамуына пайдалану жолдары талқыланды. Форумның алғашқы күні ICESCO-ның CanSat үлгілік жер серіктері бойынша IV Халықаралық оқу семинары мен аэроғарыштық симпозиумы өтті. Іс-шараға ғарыштық технологиялар мен жер серіктік байланыс саласындағы 15-тен астам жетекші маман қатысты.

Форумға қатысушылардың қатарында ғарыш аппараттары мен олардың компоненттерін өндіру бойынша іргелі компания — Ghalam да бар. Аталған компания 2010 жылы Қазақстан мен Франция арасындағы әріптестік негізінде құрылған. Ғарыш технологиясында ерекше рөлге ие компанияның негізгі функциясы — спут-

никті және оның жүйелерін толыққанды жасау. Бұл дегеніміз, кәсіпорын тек бір компонент жасаумен шектелмей, жер серігін жасаудың барлық сатысы — жобалау, жинақтау, интеграция және сынақтан өткізуді қамтиды. Мұнда ғарыш аппараттарының барлық түрі, соның ішінде байланыс спутниктері, жерді қашықтан зондау және ғылыми-технологиялық мақсаттағы аппараттар әзірленеді. Компания өкілі Бауыржан Күсекеев компаниядағы экологиялық маңызды бар жобалар туралы айтып берді.

— Қазір жүзеге асырылып жатқан маңызды жобалардың бірі — KazEO-Sat-MR жобасы. Бұл — жерді қашықтан зондауға арналған аппарат. Сондай-ақ ол экологиялық мақсатта да жұмыс істейді. Мысалы, «Қазақстан Ғарыш Сапары» ғарыштан мониторинг жүргізу арқылы құрылыс қалдықтарының төгілуі, өрт ошақтары және су тасқыны қаупін бақылап, табиғатты қорғау ісіне үлес қосуда. Бүгінде климаттың өзгеруіне байланысты компаниямыздың жоспарында

парниктік газдардың ішінде ең қауіптілерінің бірі — метан шығарындыларын бақылауға арналған жана жоба қарастырылған. Жоба Ghalam компаниясының отандық платформасында жүзеге асырылады, — деді маман.

Жиын барысында әлемдік және отандық компаниялардың заманауи технологияға бейімделген құрылғылары таныстырылды. Форумға келген мамандар мұндай технологияларды өз елінде өндіріп қана қоймай, алдағы уақытта STEM бойынша Қазақстандағы жоғары оқу орындарымен әріптестік байланысты нығайтуға ниетті екенін жеткізді. Солардың бірі Қытайдан арнайы келген «Юань Чжэнь» компаниясының өкілі форумда дрондар технологиясын ұсынды. Дрондардың көлемі бойынша ең үлкен түрлері 10 тоннаға дейін жүк көтере алады.



«Юань Чжэнь» компаниясы бас директорының орынбасары Қайрат Кабенінің айтуынша, бұл дрондар болашақта Қазақстанның меншігі ретінде қолданысқа енгізіледі.

— Компаниямыздың негізгі бағыты — дрондар өндірісі. Бұл дрондар білім беру мен ғылыми-зерттеу саласында студенттердің тәжірибе алуына, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, өрттің алдын алу, жер сілкінісінің салдарын бақылау сияқты түрлі бағытта қолдануға арналған. Болашақта қала құрылысы мен жоспарлау жұмысына да қатысуға дайынбыз, — деді Қайрат Кабен.

Еліміздегі жоғары оқу орындарының ғалымдары мен студенттері ғарыш саласында дамыған мемлекеттермен тәжірибе алмасуды қолға алған. Мәселен, форумда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аэроғарыш саласындағы ғылыми жетістіктерін таныстырған Әсет Нұрболұлы кезекті NKSAT нано жер серігін қытайлық әріптестермен бірлесіп ұшыруға ниетті екенін атап өтті. Осыған дейін ҚазҰУ-лық ғалымдар «әл-Фараби 1» және «әл-Фараби 2» нано жер серігін ғарышқа сәтті ұшырған еді.

Аталған наноспутникті Қытай аумағында орналасқан ғарыш аймағынан ұшы-

ру жоспарланған. Алайда екі ел арасындағы мұндай серіктестік барлық жүйелер толық тексерістен өткізілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

— Қытайда ғарыш саласы қарқынды дамыған және олар бұл салада бізден біршама алға озған. Сондықтан олардың қолданатын құрылымдық жүйесін, бағдарламасын және сынақтан өткізу әдістемесін зерттеп, өз университетіміздің базасына енгізуді көздеп отырмыз, — деді Әсет Нұрболұлы.

NKSAT нано жер серігінің сыртқы корпусы өз елімізде дайындалады, ал оның негізгі техникалық бөлшектері Қытай, АҚШ және Еуропа елдерінен жеткізіледі. Әсет Нұрболұлы мұның себебін елімізде әлі күнге дейін микроэлектроника өндірісіне арналған зауыттардың жоқтығымен байланыстырды.

Маманның сөзінше, «әл-Фараби 2» наноспутнигін ұшыру SpaceX компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылған. Сол жылы студенттер аталған компанияның Еуропадағы филиалына барып, тәжірибе алмасып қайтыпты. Сөз соңында маман студенттерді алдағы уақытта Қытай аумағындағы бірнеше ғарыштық орталыққа апару жоспарланып отырғанын жеткізді.

18 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ

Қазақстанда 14-35 жас аралы-ғындағы жастар саны 6 мил-лионға жуықтап, ел халқының үштен бірін құрап отыр. Яғни, жастар – еліміздің ең ірі әлеу-меттік әрі экономикалық ресурсы, қоғамдағы өзгеріс-тердің қозғаушы күші. Әсіресе, Алматы, Астана және Шым-кент секілді мегаполистерде жастардың үлесі жоғары. Олар білім алу, кәсіпкерлікті мең-геру және жұмысқа орналасу мүмкіндігін белсенді пайдала-нып келеді.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Қазір жастардың көбі жоғары білімге ұмтылып қана қоймай, кәсіпкерлік дағдыларды меңгеруге, жаңа идеяларды іске асыруға ден қоюда. Инновациялық жобаларға, стартаптарға қызығушылық артып келеді. Бұл үрдіс экономиканың түрлі саласында жаңа жұмыс орындарының ашылуына және тың бастамалардың жүзеге асуына жол ашып отыр.

Мемлекеттік жастар саясаты – ел болашағын айқындайтын стратегиялық бағыттардың бірі. Оның түпкі мақсаты – жас буынның еңбекке араласып, кәсіби тұрғыда шындалып, бос уақытын тиімді өткізуіне жол ашып, шығармашылық пен спорттағы қабілетін дамытуға септесу. Сонымен қатар кейінгі уақытта елімізде экологиялық сана-сезімін күшейтіп, жас отбасыларды қолдауға, әскери-патриоттық рухын қалыптастыруға ерекше назар аударылып жатыр.

Мысалы, 2023-2029 жылдарға арналған жастар саясатының тұжырымдамасында жастар үшін ең өзекті мәселелер қамтылған: тұрақты жұмысқа орналасу, қолжетімді баспанаға ие болу, денсаулық пен құқықтық қорғаудың кепілдігі, сапалы білім алу мүмкіндігі. Бұл – жас қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған нақты қадамның бірі. Алайда сарапшылар жыл сайын елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуал өзгеріп отырғандай, жастарды қолдауға бағытталған бағдарламалар мен жобаларға жаңа серпін қажет екенін айтып жүр

ДАМУДАҒЫ ЖАҢА БАСТАМАЛАР

Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев маңызды жайттарды атап өтті. Оның айтуынша, мектеп бағдарламасына IT-жобаларды енгізу – заман талабы. Себебі ол жастардың инновациялық ойлауын дамытып, жаңа технологияларды игеруге жол ашады. Яғни, елдің интеллектуалды әлеуетін көтеретін буын дәл осы бүгінгі жастар болмақ.

– Жакында Қасым-Жомарт Токаев халыққа Жолдауында цифрландыру мәселесіне ерекше тоқталып өтті. Бүгінде мектеп оқушылары мен студенттер алған білімдерін практикада қолданып, робот құрастыру, бағдарламалау, түрлі IT-жобаны жүзеге асыру арқылы дағдыларын дамытып келеді. Сонымен қатар Астананың бірқатар мектебінде оқу бағдарламасына жасанды интеллект негіздері енгізілуде. Бұл жас буынға тек заманауи технологияларды тұтынушы ғана емес, оны жасаушы, дамытушы болуға жол ашып отыр. Мұндай бастамалар жастардың инновациялық ойлауын дамытып, елдің цифрлық болашағына өз үлесін қосуына мүмкіндік береді, – деді Самат Ибраев.

Жас буынға білім алу, тәжірибе жи-нақтау, өзін дамыту тұрғысында қолдау білдіріп жатқан бағдарламалар қатарында Joltar жобасы жұмысын жүргізіп келеді. Самат Ибраевтың айтуынша, бұл жоба аясында жастарға цифрлық мамандықтар (SMM, таргетолог, контент-криэйтор, графикалық дизайн, видеомонтаж, веб-дизайн) және жұмысшы мамандықтар (тігінші, модельер-конструктор, электро-газбен дәнекерлеуші, бухгалтерлік есептің



ЖАСТАР ЖАСАМПАЗДЫҚҚА ЖОЛ БАСТАЙДЫ

негіздері, корпустық жиһаз жасау негіздері, автоспециалист, сауда) бойынша оқытулар жүргізіледі. Жыл басынан 2 мыңнан астам адам оқытудан өтіп, алған білімдерін тәжірибеде қолданып, тіпті өз кәсіптерін де ашуда. Сонымен қатар Еңбек мобильділігі орталығымен «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны», «Қоғамдық жұмыс» сияқты жастардың тәжірибе жинап, жұмыс істеуіне, жұмыс берушілердің көзіне түсіп, тұрақты орынға орналасуға бағытталған бағдарламалар іске асады.

Дегенмен әттеген-ай дейтін сәттер де жоқ емес. Мысалы, жакында сенатор Би-бітұл Аққожина өзінің депутаттық сауалында «Жастар практикасы» және «Алғашқы жұмыс орны» мемлекеттік бағдарламаларына қатысушылардың жалақысының төмен екенін айтып, мәселе көтерді. Оның сөзінше, жас мамандар қазіргі төлеммен негізгі шығындарын жаба алмай отыр.

– «Жастар практикасы» және «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламаларына қаты-сушылардың жалақысын инфляция деңгейін ескере отырып көтеру мүмкіндігін қарас-тыруды сұраймыз. Бұл бағдарламалардың жастар үшін тиімділігін және тартымдылығын арттыру қажет. Себебі әлеуметтік осал топтардан шыққан тұлелер мен ата-ана-сының қолдауына сүйене алмайтын жастар қазіргі төлем деңгейінде баспана мен тамақ шығынын жаба алмайды. Соның салдарынан, олардың көбі қатысудан бас тартып, бейресми жұмыспен айналысуға мәжбүр болады, – деді депутат.

Сенатордың сөзінше, 2022 жылдан бері бұл бағдарламалар бойынша төлем көлемі өзгермеген және 30 АЕК көлемінде белгі-ленген. Алайда қатысушылар қолына алатын нақты сома – 90 511 теңге. Осы уақыт ішінде азық-түлікке, көлікке және тұрғын үйге кететін шығындар ондаған пайызға өскен, бұл жастар үшін бағдарламаларды барған сайын тартымсыз етіп отыр.

Мәселен, 2024 жылы «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасымен 9,6 мың адам жұмысқа орналасты. Оның ішінде, 4,2 мыңы бағдарламаны аяқтаса, тек 2,2 мыңы ғана тұрақты жұмыс тапқан. Ал жастар практикасының нәтижелері сәл жоғары: 33 мың қатысушының 12,6 мыңы бағдар-ламаны аяқтап, олардың 7,4 мыңы тұрақты жұмысқа орналасқан.

Жалпы алғанда, сенатор төмен жалақы мемлекеттік жастар саясатының мақсат-тарына қайшы келетінін айтты. Ал саясаттың басты міндеті – жастарды еңбек нарығына тарту және олардың кәсіби қалыптасуына жағдай жасау болатын.

Жастар ұйымдары да қоғам өмірінде

белсенді рөл атқарады. Олар әлеуметтік мәселелерді шешуге, кәсіпкерлік пен инновацияны дамытуға, мәдениет пен спорт жобаларын жүзеге асыруға атсалысуда. Табиғи апаттар кезінде жастардан құралған еріктілердің көмек көрсетуі – олардың жауапкершілігі мен азаматтық ұстанымының айқын көрінісі.

– Қазір қалалық еріктілер штабы жұмыс істейді. Онда 6 мыңнан астам волонтерлер тіркелген. Оған қоса, басқа да белсенді жастар ұйымдарында бірқатар жалынды жастар бар. Жастардың еріктілікке, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласуы қоғам үшін үлкен өзгерістер әкелді деп айтуға болады. Мұндай бастамалар бірлік пен ынтымақ-тастықты нығайтады. Мысалы, ШЫҰ саммитінде 200 волонтер, ал Көшпенділер ойындарында 1 600 ерікті жұмылдырылды. Олар қонақтарды күтіп алу, аудармашы, жол сілтеуші, ұйымдастырушы қызметтерін

да жүзеге асып жатыр. Осы құралдар жастарға тек білім мен тәжірибе алуға ғана емес, өз ісін бастауға да мүмкіндік береді, әсіресе әлеуметтік маңызы бар немесе инновациялық жобасы болса, – дейді маман.

Ал педагогика ғылымының кандидаты Айман Жүсіпованың айтуынша, бүгінде елдегі әрбір үшінші бизнес субъектісі жастарға тиесілі, ал кейінгі 5 жылда 35 жасқа дейінгі азаматтар тіркеген жеке кәсіпкерлік саны 2,4 есе өсіп, 293 мыңнан 699 мыңға жетті.

– Бұл серпінге қолдау шаралары да ықпал етті. «Жас кәсіпкер» және «Бастау бизнес» бағдарламалары оқу курстарын, гранттар мен жеңілдетілген несие береді. Қамту деңгейі шектеулі болғанымен, дәл осы бастамалар жастар үшін табысқа жетуге мүмкіндік беретін инфрақұрылым қалып-тастыруда. Дегенмен Қазақстандағы жастар кәсіпкерлігі қарама-қайшылық жағдайда дамып келеді. Бір жағынан, бұл салада бизнеске тән ортақ кедергілер бар: қаржыға шектеулі қолжетімділік, бюрократиялық рәсімдер және жоғары бәсекелестік. Ал жастар үшін бұл кедергілер, әсіресе өткір

сезіледі себебі олардың жинақталған ка-питалы мен тәжірибесі жоқ. Екінші жағынан, жас кәсіпкерлер нарықта біртіндеп айтар-лықтай орынға ие бола бастады, – дейді ол.

Сарапшының сөзінше, жастар тарапынан ең үлкен қызығушылық туындаған сала креативті индустрия болып отыр. Өйткені бұл жерде дәстүрлі бизнеске қарағанда нарыққа кіру кедергілері төмен, ал даму мүмкіндіктері әлдеқайда кең. Сонымен қатар кейінгі жылдары цифрлық контент, дизайн, IT және медиа саласында жұмыс істейтін жастарға арналған арнайы алаңдар мен бастамалар қалыптаса бастады. Бұл бағытта жаңа буын өзін «суда жүзген балықтай» сезінетіні хақ. Басты себеп – ол үшін бастапқыда аз ресурс қажет және жастарға әуелден таныс цифрлық дағдылармен тікелей байланысты.

Десе де, түрлі мемлекеттік бағдарлама мен грант жастардың шығармашылық, кәсіпкерлік және әлеуметтік әлеуетін ашуға жол береді. Мәселен, былтыр 400 мыңнан астам жас жұмыспен қамтылды. Әр өңірде кәсіптік бағдар беру мен жұмысқа

никалық база жанартылып, студенттердің жатақханамен қамтылуы 96%-ға жетті.

ЖЕТІСТІГІ КӨП ЖАС МАМАНДАР

Мемлекет жастарды кәсіпкерлікке ынталандыру мақсатында «Жастар кәсіпкерлігі» жобасын іске асырып отыр. Бұл жоба арқылы жастар бизнес негіздерін меңгеріп, өз ісін ашуға мүмкіндік алады.

Жастардың кадрлық әлеуетін арттыруға бағытталған тағы бір маңызды бастама – «Президенттік жастар кадрлық резерві». Бүгінде оның аясында 315 жас мемлекеттік және квазимемлекеттік секторларда бас-шылық қызметке тағайындалды. Бұл жас-тардың саяси процестерге қатысуына және ел дамуына үлес қосуына жол ашып отыр.


Елімізде жастарды баспанамен қамту мәселесіне ерекше көңіл бөлініп келеді. Тұрғын үй бағдарламаларының басты мақсаты – саладағы кадрларды сақтап қалу. Биыл «Жұмысшы мамандықтары жылында» қоғамда еңбекқорлығы мен кәсібилігін қатар алып жүрген жандарды қолдауға басымдық беріліп келеді. Ондай жандардың еңбегі қашан да еленуге тиіс әрі көпке үлгі. Солардың бірі – Ердос Исак, Сарыағаш қаласының тумасы. «Серпін» бағдарламасы-мен Петропавл қаласында инженер-технолог мамандығы бойынша білім алған жас маман қазір Түркістан облысында индустриалды аймақта орналасқан тоназытқыш өндіретін зауытта жұмыс істейді. Жанадан ашылған бұл зауыттың жұмысы тікелей Елдосқа байланысты. Өйткені инженер-технолог әр техниканың басы-қасында жүреді. Аймақта маман тапшы болғандықтан, солтүстікте жұмыс істеп жүрген Елдос арнайы шақыртумен келген.

– Қазір зауытта инженер-технологтың жұмысын атқарамын. Тапсырысқа қарай тоназытқыш пен мұздатқыштардың көлемін сызып, электронды үлгісін дайындаймын. Операторлардың жұмысын бақылау да басты міндетіме кіреді. Одан бөлек, бізге қойылатын бірінші талап – тауардың сапасын бақылау. Техникалық инструкция, яғни технологиялық картаны құрастырамыз. Жұмысқа келе салып пенаның сапасын тексеруіміз керек. Оның тұрақты мөлшер-лемесі бар, соған сәйкес анықтап, кейін жұмысқа кірісеміз, – дейді кейіпкеріміз.

Бұл зауытта 130 жұмысшы қызмет етіп келеді. Олар күн сайын орта есеппен 40-қа жуық мұздатқыш пен тоназытқыштар дайындап үлгереді.

Келесі кейіпкеріміз білімі мен тәжі-рибесіне сүйене отырып, мектеп қабыр-

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 2025 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖАСТАР САНЫ



Елдар ҚАБА (инфографика)

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі

атқарды. Бұл – жастардың халықаралық деңгейдегі ірі шараларға белсенді араласып, Қазақстанды бүкіл әлемге танытуына үлкен мүмкіндік. Сонымен қатар волонтерлік жастарды отансүйгіштікке, мәдениетаралық түсіністікке тәрбиелейді, қоғамда сенім мен қолдау мәдениетін қалыптастырады. Қысқаша айтқанда, еріктілік тек жастардың дамуына емес, тұтас қоғамның дамуына серпін беріп отыр, – деді С.Ибраев.

КӘСІПКЕРЛІККЕ БЕТ БҰРҒАН ҰРПАҚ ҰТЫЛМАЙДЫ

Елімізде жастарды қолдау бойынша білім алу, тәжірибе жинау және өз ісін ашу бағытында бірқатар мемлекеттік бағдар-ламалар бар. «Атамекен» ҰКП «Оқу орта-лықтары» кіші комитетінің төрайымы Гауһар Оразалиева осындай жобалар туралы тарқатып айтты.

– «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасында жастарды қолдауға арналған бірқатар маңызды бағыттар бар. «Бастау Бизнес» бағдарламасы бойынша қайтарымсыз гранттардың мөлшері биыл 400 АЕК (1,57 млн тт) құрады, бұл жаңа бизнесті бастауға немесе дамытуға беріледі. Оған жұмыссыз ретінде тіркелген немесе тіркелгеніне 3 жыл толмаған жеке кәсіпкер, жеңілдікті санатқа кіретіндер қатыса алады. Техноло-гияларды әзірлеу мен енгізуге 400 млн теңгеге дейін гранттар беріледі, «Жастар практикасы» 35 жасқа дейінгі тұлелерді уақытша жұмысқа орналастырады, жалақыны мемлекет төлейді. «Алғашқы жұмыс орны» – жастарды жұмыспен қамту бағдарламалары

орналастыруға арналған бағдарламалар іске асырылып, жастардың кәсіби білімін тереңдетуге де мүмкіндік туды.

Биыл қыркүйектен бастап техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған жан басына шаққандағы қаржы-ландыру көлемі 2 есеге өсіп, бір студентке 437 мың теңгеден 912 мың теңгеге дейін ұлғаятыны туралы айтылған еді. Ғылым бюджеті де өсіп келеді. Кейінгі жылдары университеттердегі гранттар саны да 1,5 есеге өсті. Менеджер ретінде мемлекетке пайда әкелгісі келетіндер Президенттік жастар кадрлық резервіне іріктеуге қатысуға шақырылады.


Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі жаңа деңгейге көтерілуде. Соның дәлелі, еліміз Қытай, Франция, Түркия, Жапония, Ұлыбритания, Грузия және өзге де елдермен бірлесіп, 10 халық-аралық жобаны қолға алды. Колледждерге алғаш рет халықаралық сертификаттау енгізілді. Нәтижесінде, отандық студенттер өз құзыреттерін әлемдік стандарттар бойынша дәлелдеп, шетелдік тағылымда-маларға, халықаралық еңбек нарығына шығуға зор мүмкіндік алады.

Биыл жыл басынан бері 8 мыңнан астам кәсіби бағдар беруші маман дайындалды, мектептерде 352 бейіндік сынып ашылды, 1 300-ден астам оқушы жұмысшы ма-мандықтарының негіздерін меңгеріп үлгерді. Шефтік қамқорлыққа алған кәсіпорындар саны 7 есеге артса, кәсіпорындармен дуалды оқыту келісімшарттарының саны 2 есеге көбейді. 185 колледжде материалдық-тех-

ғасындағы бұлдіршіндердің логикалық ойлау қабілетін жақсартуға арналған оқулық жарыққа шығарды. Қазір Мейірхан Сан-сызбайұлының «Логика» және «Математика тренажері» атты кітаптары бар.

– Бұл кітапты шығару идеясы қажет-тіліктен туды. Жоғары сыныптың білім бағдарламасында аударма кітаптар да, терең зерттелген еңбектер бар. Ал бастауыш сыныпта жоқтың қасы. Біз 3 жастан 11-сы-ныпқа дейін үздіксіз білім алу жолын қарастырып жатырмыз. Сондықтан оны бастауыш сыныптарынан бастадық. Бұл жерде оқулық екі мәселені шеше алады. Біріншісі, білім сапасының төмен дең-гейінен олимпиадаға дейін дайындығын жақсарту алады. Екіншісі, мектеп стан-дартында есептердің аздығы бар, кітап соның орнын толықтыруға мүмкіндік береді. Кітап құрастыратын кезде көптеген халықаралық олимпиаданы зерттедік. Методика бойынша тапсырмалар оңайынан қиыныға қарай деңгейге сәйкес орналас-тырылды. Мемлекеттік стандарт есептері 15 есепке көбейтілді. Баланың қол жалды, өй жады толық қалыптасуы үшін мұның пайдасы үлкен, – дейді жас ғалым.

Жастар – елдің қозғаушы күші, қоғамның жанаруына дем беретін негізгі буын. Мем-лекет жүзеге асырып, бағдарламалары олардың әлеуетін ашады. Бүгінгі жас буын – жаңа идеяларды жүзеге асырып, экономиканың дамуына серпін беретін жаңашыл тұлғалар. Оларға сенім артып, мүмкіндіктер беру – елдің жарқын бола-шағына жасалған ең үлкен инвестиция.



ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі

АЙМАҚ

ДАМУ

ЖАСТАР – ЦИФРЛЫ ДӘУІРДІҢ СӘУЛЕТШІЛЕРІ

«AMANAT» партиясының Түркістан облыстық филиалы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында қамтылған мәселелер бойынша халықпен кездесу жиындарын әр аудан мен қалада өткізуді жалғастырып жатыр. Осы мақсаттағы жүздесулер Түркістан қаласынан бастау алып, Халықаралық туризм және меймандостық университетінде және Түркістан жоғары медицина колледжінде өтіп, кездесуге оқу орындарының профессорлары, ұстаздар мен студенттер қатысты.



«Мемлекет басшысының Жолдауы — мемлекеттік стратегияның негізі және елдің экономикалық, әлеуметтік, саяси, технологиялық дамуы бойынша нақтылы жұмыс бағыттарын белгілейді. Бұл саяси құжат сенім мен ашықтыққа негізделіп, онда қоғамдағы өзекті мәселерге қатысты мемлекеттің саяси ұстанымы жарияланады. Мемлекет басшысының қоғамдық тірегіне айналған «AMANAT» партиясы, барлық реформа мен өзгерістің алғы шебінде қызмет атқаратын ықпалды саяси күш болып қалыптасты. Жолдау белгілеген басымдықтар бойынша партиямыздың Түркістан облыстық филиалына қарасты 240 бастауыш партия ұйымының барлығында кездесулер өткізіліп, азаматтарды ортақ мақсат аясына топтастыруға күш біріктіріп жатырмыз», — деді «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, Түркістан облыстық мәслихатындағы партиялық фракцияның жетекшісі Алтынсары Үмбеталиев.

Президент Жолдауы — басты саяси құжат болуымен қатар, ұрпақпен тілдесудің, жастардың үмітін үш қосудың маңызды құралы. Ел көшін алға сүйрейтін жас буынның арманы мен мақсаты — мемлекет саясатының өзегіне айналуға тиіс екенін терең түсінеміз. Жолдауда кенінен айтылған цифрлық өзгерістерді жасаушы, жасанды интеллектті басқарушы буын — бұл бүгінгі жастарымыз. Цифрландыру ісін ұлттық идеяға айналдыруда, жасанды интеллект пен

жаңа технологияларды еліміз үшін жаңа мүмкіндіктер ретінде қарастыруда жастарға үлкен сенім артылатыны белгілі. Осы мәселелер Түркістан жоғары медицина колледжінің ұстаздарымен және студенттерімен өткен кездесуде кенінен сөз болды.

Осы тақырып жөнінде ойымен бөліскен Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің философия кафедрасының доценті, PhD доктор Қайнар Қалдыбай бәсекеге қабілетті ұлт боламыз десек, жастарымыз ғылым мен технологияны меңгеруге тиіс деп байыптады. Жасанды интеллект күрделі ғылым болғанымен, жаңа идея мен креативке толы жас толқынның қолында қуатты құралға айналатыны сөз болды. Қазақстан жастары цифрлы технологиялардың негіздерін меңгеріп жатқаны, беделді халықаралық IT олимпиадаларда жүлдегерлер қатарынан көрініп жүргенін алға тартты. Жастар әзірлеген стартап жобалар танылып жатқанына тоқталды.

Жастар сандық дәуірдің сәулетшісі болып саналатыны туралы Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті спорт және өнер факультетінің деканы, Түркістан қалалық мәслихатының депутаты Бекахмет Абусейітовтың, «Жастар Рухы» жастар қанатының Түркістан облыстық филиалының төрағасы Жұман Жансеріктің және Түркістан жоғары медицина колледжінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы, «Достық» бастауыш партия ұйымының жетекшісі Гүлмира Алдабергенованың

хабарламаларында айтылды. Жасанды интеллект пен жастар — қуатты күш екеніне, егер олар бірге әрекет етсе, тек экономиканы емес, бүкіл қоғамды өзгерте алатынына баса мән берілді.

Жиынды қорытындылаған Алтынсары Дүйсенбекұлы «AMANAT» партиясының миссиясы мен центристтік ұстанымы барлық ресурсты Президент реформаларын жүзеге асыруға жұмылдыру болатынын айтты.

«Түркістан жоғары медицина колледжі аймақтағы орта буын медицина қызметкерлерін даярлайтын іргелі оқу орны саналады. Президент Жолдауында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 540 нысан салынғаны, осы жылдың соңына дейін тағы 115 нысан пайдалануға берілетіні жайлы айтылды. Түркістан облысында осы бағдарлама аясында бытыр 49 нысан пайдалануға берілсе, оның 23-і партиямыздың сайлауалды бағдарламасына енді. Ал биыл бұл бағытта тағы 30 нысан іске қосылады», — деді ол.

Партияның облыстық филиалы медицина ұйымдарының қажетті техникалармен жабдықталуын ерекше бақылауда ұстайды. Өткен аптада өңір басшысы Нұралхан Оралбайұлының қолдауымен облыстағы жедел жәрдем мекемелеріне 60 жаңа санитарлық автокөлік табысталды. Жаңа автокөліктер өкпені жасанды желдету аппараты, дефибриллятор, электрокардиограф, жүрек-өкпе реанимациясына арналған жиынтықтармен жабдықталған.

Сонымен қатар партияның сайлауалды бағдарламасы аясында бытыр Сауран ауданында 200 орындық «Самау» оналту орталығы пайдалануға берілсе, биыл тамызда 50 орындық балаларға арналған «Шұғыла» оналту орталығы іске қосылды. Одан бөлек, Түркістан қаласында 570 орындық көпбейінді аурухана мен 80 орындық «Ана мен бала» орталығының құрылысы жүргізілуде. Жоспарда Сарыағаш ауданында 300 орындық жаңа медициналық кешен салу да бар.

Облыстық партия филиалы жанынан құрылған Әйелдер қанатының бастамасымен «Денсаулық керуені» жобасын іске асыруды басталды. Іс-шара аясында біліктілігі жоғары медицина қызметкерлері аудан, қалаларды аралап, азаматтарға тегін медициналық көмек береді.

Партияның Түркістан облыстық филиалына біріккен 85 мыңнан астам партия мүшесінің 9 мыңға жуығы немесе барлық мүшелердің 10,5 пайызы — медицина саласының қызметкері.

Парламент Мәжілісінің және партияның Төрағасы Ерлан Қошановтың бастамасымен дәрігерлердің имиджін көтеруде «Дәрігер Talks» алаңы жұмыс істейді. Астана қаласында партия Төрағасының қатысуымен өтетін диалог алаңына биыл Түркістан өңірінен жұмысы үздік таңылған 5 дәрігер жіберілді. Олар медицина саласын жетілдіру бойынша ұсыныс-пікірлерін Денсаулық сақтау министрі мен Мәжіліс депутаттарына тікелей жолдауға мүмкіндік алды. Түркістан қалалық ауруханасының басшысы Бекзат Берденов белсенді қызметі үшін төсбелгімен марапатталды.

Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі жалғасын таппақ. Жолдауда белгілеген нақты міндеттер мен басым бағыттарды әрбір партия мүшесі табанды түрде іске асыруға мұдделі.

Н.ҚАЛМЫРЗАТЕП

МЕРЕЙ

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы аясында Шымкент қаласындағы «Достық үйінде» отбасы құндылықтарын дәріптейтін тағылымды іс-шара өтті. Отбасы күні мерекесіне арналған салтанатты жиында өнегелі әулеттер марапатталып, көпшілікке үлгі етерлік өмір жолдары насихатталды.

БІРЛІКТІҢ БАСТАУЫ – БЕРЕКЕЛІ ОТБАСЫ



А Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

Мерекелік жиынға қалалық КХА жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы Гүлжан Сүгірбаева, Ассамблея хатшылығының менгерушісі Айгүл Әмзеева бастаған зиялы қауым өкілдері қатысты. Салтанатты жиынды ашқан Гүлжан Сүгірбаева алдымен отбасының қоғамдағы орны мен мән-маңызына тоқталды.

«Отбасы — мемлекет пен қоғамның басты тірегі. Әр шаңырақта ұлттық дәстүр сақталып, бауырмалдық пен сыйластық орнысқа, еліміздегі бірлік пен ынтымақ та нығаяды. Әрбір әулеттің тарихы — ел тарихының бөлшегі. Біз өнегелі отбасыларды дәріптеу арқылы жастарға бағыт-бағдар беруді көздейміз. Ұрпақ тәрбиесі аналардың ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті», — деді ол.

Жиын барысында қатысушыларға отбасы құндылықтарын сақтаудың, жас ұрпаққа өнеге көрсетудің маңызы кеңінен түсіндірілді. Шара барысында алдын ала іріктеуден өткен отбасылар түрлі номинация бойынша марапатталды.

«Азамат тәрбиеленген отбасы» атағы қоғамға адал қызмет етіп, ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген Курбанходжаевтар әулетіне табысталды. Бұл әулеттен шыққан таеквондошы Дастан Нәжімханов еліміздің намысын халықаралық жарыстарда қорғап жүр. «Күміс

кереге» номинациясына 25 жыл отасып, ұлттық құндылықтарды дәріптеп келе жатқан Бүркіттер отбасы мен Андар әулеті лайық деп танылды. Ал «Алтын шаңырақ» марапатын 50 жыл бір-біріне серік болып, берекелі ғұмыр кешіп келе жатқан Үсенбековтер әулеті иеленді.

Әр отбасының өмірлік ұстанымы — әділдік пен ізгілікке тәрбиелеу, еңбекқорлыққа баулу және ұлттық дәстүрді ұрпаққа аманаттау. Олар қоғамдық істерге белсене араласып, ел ішіндегі ынтымақ пен бірлікті нығайтуға үлес қосып келеді.

Жартығасырлық отбасылық өмірді артқа тастаған Өмірбек Үсембек пен жұбайы Роза Әлімбекқызының өнегелі ғұмыры көпшілікке үлгі болды. Олар ұрпағын адалдыққа, еңбексүйгіштікке, дәстүрге құрметпен қарауға баулып келеді.

«Біз үшін ең үлкен марапат балаларымыздың адал, еңбекқор болып өсуі. Осындай құрметке ие болғанымыз сол тәрбиенің жемісі. Құндылықтарды сақтап, ұрпаққа жеткізу әр ата-ананың борышы», — деді Өмірбек ақсақал.

Салтанатты кеш барысында үздік әулеттердің өмір жолынан сыр шертетін бейнематериалдар көрсетіліп, олардың тәлімді тәжірибесі жастарға үлгі етілді. Сондай-ақ жергілікті өнерпаздар арнайы концерттік бағдарлама ұсынып, жаналғандарға мерекелік көңіл күй сыйлады.



БАРЫМТА ҚЫЛМЫСЫ АЗАЙДЫ

Шекара қызметінің Алматы облысы бойынша департаментінің өкілдері Кеген аудандық полиция қызметкерлерімен бірлесіп, 18 млн теңгеге жуық бағаланған мал ұрлығының алдын алды. Мәлімдемеге сәйкес, Қазақстан мен Қырғызстан шекарасының бойында жалпы саны 31 жылқы қолды болған. Осы қылмысқа қатысы бар 42 және 22 жастағы екі күдікті ұсталып, Кеген аудандық полиция бөлімінің уақытша ұстау изоляторына қамалды.

А Көктем ҚАРҚЫН

ҰРЫЛАРҒА ЗАҢ КАТАЛ

Шекара бойында өз бетінше жайылып жүрген жылқыларды қолды қылып, оңай пайда таппақ болған күдіктілерге қатысты алдын ала тергеу жұмысы басталды. Сондай-ақ олардың осыған ұқсас басқа да қылмысқа қатысы бар-жоғы тексерілуде. Жалпы, мал ұрлығына малшылар тарапынан тиісті бақылаудың болмауы себеп. Қараусыз жайылған малының жоғалғанын кеш байқаған адамдар полициялерге уақыт өткізіп барып хабар беруі де қылмыстың дер кезінде ашылмауына түрткі болып отыр. Өз бетінше іздеп, табанынан таусалып жүргенде мал мен ұрыны іздестіруді жеңілдететін айғақ пен із жоғалып кетеді.

Айта кету керек, шекарашылар жергілікті тұрғындардың шекараға жақын манда өз бетінше жайылып жүрген малының қауіпсіздігіне жауап бермейді. Өйткені жел өтіндегі ескерилерге Тәуелсіз Қазақстанның шебін көздің қарашығындай күзету жүктелген. Соған қарамастан, шекарашылар ауыл тұрғындарына қора мен өрістегі малына жауапкершілікпен қарап, сақтық шараларын күшейтуге шақырады. Шекарашылар берген ақпаратқа сәйкес қимылдаған жергілікті полиция қызметкерлерінің жедел-профилактикалық шарасының нәтижесінде барымташылар ұсталып, темір торға қамалды.



Елшір ҚАБА (қолдау)

дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылып, жазаланатын болса, тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен, бірнеше рет аса ірі мөлшерде және қылмыстық топ жасаған мал ұрлау бойынша жаза одан әрі қатандатылған.

Жалпы, мал ұрлағандарды табу, ұстау қандай қиын болса, қылмысты дәлелдеу мен жоғалған тұяқты орнына қою одан да күрделі. Біреудің қорасындағы малды болмашы ақшаға сата салатын қылмыскерлер өз қателігін мойындап, кешірім сұрап, көбіне ұрлағанын орнына қойып береді. Бірақ жоғалғаны табылған жәбірленуші енді «қайтқан малды береке бар» деп дау қумай, мәселені жеке жауып қоя алмайтынын ескеру керек. Себебі шығынды өтеп, істі болған қылмыскерлер жәбірленушілермен келісімге келе алмайды.

Мал ұрлығын басқа қылмыспен салыстырмау керек. Өйткені мал шаруашылығымен күн көріп отырған ауыл халқының төрт түлігіне қол сұғу табыс көзінен айырумен тең. Ал ұрланған малды сатып алушылар Конституцияның 196-бабына сәйкес «Қылмыстық жолмен көрінеу

өндірілген мүлкті сатып алу немесе өткізу», 160 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұлмен (490 080 теңге) не түзеу жұмысымен, қоғамдық жұмысқа 160 сағатқа дейінгі мерзімге тартылумен не мерзімге тыйым салумен жазаланады. Егер қылмыс бірнеше рет жасалса, 200 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл түрінде не түзеу жұмысымен не 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа тарту арқылы не 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алу арқылы жаза тағайындалады.

ҚАРАУСЫЗ МАЛҒА ҚЫРҒИДАЙ ТИЕДІ

Алматы облысы полиция департаментінің мәліметінше, 2023 жылы аймақта 296 мал ұрлығының фактісі тіркелген. 2024 жылы бұл көрсеткіш 20 пайызғаға төмендеп, 244 барымтаға қатысты іс қозғалған. Сондай-ақ облыстың 9 ауданының ішінде мал ұрлығы ең көп тіркелген жер — мал шаруашылығы қарқынды дамыған Жамбыл ауданы.

«Талдау көрсеткендей, ұрлықтың басым бөлігі мал қараусыз қалған бас жайылымдар да болады.

Осыған орай Алматы облысының полициясы мал иелеріне қауіпсіздік шарасын күшейтуді ұсынады. Атап айтқанда, қоршалған жайылымдарды пайдалану, түнгі кезекшілік ұйымдастыру және бейнебақылау жүйесін орнату қажет», — деп ескертеді департаменттен.

Полиция мәліметінше, 2024 жылы ұрланған 166 бас мал заңды иелеріне қайтарылған. Еске салайық, елімізде мал ұрлығы 30,5 пайызға азайды. 2024 жылы елімізде 1 026 мал ұрлығы болса, қылмыстың жартысынан көбі жайылымда болған.

«Қабылданған кешенді шаралардың арқасында кейінгі 5 жылда мал ұрлығы 64 пайызға азайды. Қылмыстың осы түрімен күресті күшейту мақсатында Ішкі істер министрлігі басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп, заңнамалық, ұйымдастырушылық және практикалық шараларды тұрақты түрде жүргізеді», — деді ведомствоның ресми өкілі Шыңғыс Алексеев.

Оның айтуынша, осындай қадамдардың бірі ретінде ауыл шаруашылығы жануарларын жау ережелерін қабылдауды атап өтуге болады. Сондай-ақ жайылым ережелерін бұзғаны үшін Әкімшілік құқық бұзу-

шылық туралы кодекстің 408-бабына сәйкес, әкімшілік жауапкершілік белгіленген. 2024 жылы еліміз бойынша 38,5 мыңнан астам осындай бұзушылық анықталды. Бытыр мал ұрлығына қарсы республикалық деңгейде 2 іс-шара, өңірлік деңгейде 76 іс-шара өткізілген.

Ал жақында Балқаш өңірінде полициялар бірқатар мал ұрлығын жасады деген күдікпен үш ер адамды ұстады. Тергеу ісінін басталуына Береке ауылынан 8 шақырым жерде орналасқан жайылымнан ірі қара малдың жоғалғаны жөнінде жергілікті тұрғынның өтініші себеп болды. Жәбірленушіге келтірілген залпы шығын 2,4 млн теңгені құрады. Аталған факті бойынша қылмыстық іс тіркеліп, сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды.

«Желді іс-шаралар барысында Береке ауылының маңында полиция қызметкерлері Volkswagen Jetta автокөлігін тоқтатты. Автокөліктің салонында екі адам болған, көлікті тексеру кезінде сиыр малының екі тұтас еті, тегіс ұңғылы мылтық, балта және асуы пышағы табылып, тәркіленді. Кейін тәртіп сақшылары қылмыстық топтың тағы бір мүшесін ұстады. Күдіктілердің үшеуі де уақытша ұстау изоляторына қамалды», — деп хабарлады жауапты ведомство.

Қазір бұл топтың оннан астам мал ұрлығына қатысы бар екені дәлелденді. Олардың аймақтағы осыған ұқсас басқа да қылмыстарға қатысы бар-жоғын анықтау үшін тергеу амалдары жүргізілуде.

Алматы облысының полиция департаменті мал иелеріне сақтық шараларын сақтау қажетін жиі ескертеді. Ол үшін малды қараусыз қалдырмау, ұйымдастырылған жайылымдарға тапсыру, қора-жайларды бейнебақылау жүйесімен жабдықтау, малдың қозғалысын бақылауға арналған құралдарды пайдалану, сондай-ақ күдікті адамдар мен көліктерді байқаған жағдайда дереу полицияға хабар беру қажет.

18 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ

«Танакөз» және «Сәйгүлік». Бұл екеуі қазір жас режиссер Әли Бидахметтің қолтаңбасына айналды. Премьерадан-ақ көрерменнің ыстық ықыласы айқын біліне бастаған. Қошеметін аямаған сол көрермен бүгін осы қойылым билетінің сатылымға шыққанын асыға күтетін болды. Өйткені шымылдығы түрілген спектакль жүрекке жетті. Бұл – режиссердің шығармашылық қуатының байлығы, ойлау шеңберінің кеңдігі. Біз жақында сахна алдына тізілген жұртқа толассыз эмоция сыйлаған туындының режиссері Әли Бидахметпен әңгімелесіп, ішкі жан дүниесі мен шығармашылығына үңілдік. Сұхбатымыз театр, режиссура тақырыбында өрбіді.

Әли БИДАХМЕТ,
режиссер:

ТЕАТРҒА ҰЛТТЫҚ КОЛОРИТ КЕРЕК

— Әли мырза, жақында Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрының бас режиссері қызметіне тағайындалдыңыз. Бұл лауазым жұмысыңыздың жүгіне тағы қандай салмақ қосалы?

— Бұл қызметтің өзіне жарасар салмағы бар. Бұған дейін ұжымда актер әрі режиссер болып қызмет еткен соң, біраз жауапкершілікті мойным алмадым. Қазір болса театрымыздың бүкіл репертуары, жылдық жоспары, алда қоятын қойылымы мен қандай режиссерлер келетіні, сондай-ақ қатардағы актерлердің жаңа рөлдерге еніп, өзін басқа қырынан ашуы, қысқасы, театрдың тыныс-тіршілігінің бәрі осы жаңа лауазымның жүгі деуге болады. Театрдың айнасы — актер. Ал сол актерді өсіретін, театрды жаңа бағытқа сүйрейтін, оған жаңашылдық әкелетін — режиссер. Сондықтан бас режиссердің міндетін дұрыс атқару — мен үшін өте жауапты жұмыс. Бұл осыған дейін жасаған жұмысыма еселеп салмақ қосайын деп тұр.

— Есіміңіз қазақ режиссурасында танылып жатқан жас талантты режиссердің қатарында аталып келеді. «Танакөз» бен «Сәйгүлік» қойылымдары сіздің қолтаңбанызға айналды. Алдағы уақытта тағы қандай тақырыпты арқау еткізіп келеді?

— Көрермен солай бағаласа, алғыстан басқа айтарым көп. Сіз айтқан спектакльдермен гастрольге де шығып келдік. Алдағы уақытта қоятын тақырып та, дүние де көп. Театр ұжымы үшін жоспар бәрінен биік тұрады. Жоспарымыз қазақ авторларының шығармашылығын көбірек сахналағым келеді. Өйткені заманымызға сай жазылған еңбектер бар, осылайша ұлттық дүниемізді шығаруымыз керек. Бұл — маған дейін де, менен кейін де айтылатын нәрсе. Келесі жылы сахнаға шығатын үлкен әрі маңызды қойылым бар. Ол — Естай мен Қорлан махаббатына арналған, олардың шынайы өмірін арқау еткен авторлық дүние. Ол музыкалық қойылым болатыны анық. Өйткені бұл жанр жанымға жақын. Рок-опера бола ма, муздрама бола ма, оның бәрі алдағы уақытта нақтыланады. «Естай—Қорлан» ұлттық сипаты бар қойылым болмақ.

— Театр өнері — таза, ғажап әлем. Бұл сала майталмандарына не керек? Сізінше, олар қандай болуы керек?

— Театрға келгенімнен бастап мен білмеген нәрсе көп екенін ұқтым. Осы жолда түйгенім, өнер адамына керегі — еңбек және ізденімпаздық. Бұлай деуімнің себебі, егер осы екі қасиет бойынызда болмаса, режиссердің өсуі екіталай. Режиссерге ізденіс өте керек. Спектакль қолғағанда оны көркемдеп, заманауи форматқа салу үшін бойда осы қасиеттің болғаны абзал. Актерлерді таңдауда мұқият болу керек. Олардың өсуі тікелей режиссерге қатысты. Сол арқылы актерді өсіреміз. Театрда күнija жатқан дүние көп. Театрдың қызығы да сол, құпиясын шешеміз, жауабын табамыз. Және оны ешкім таба алмайтын да сияқты. Егер ол табылған жағдайда, менінше, театр өмір сүруін тоқтатады.

— Сонда спектакльдің «шедевр» шығуы үшін режиссердің аянбай еңбек еткені жеткілікті ме?

— Жоқ, әрине. Қазір көп нәрсе қаржыға келіп тіреледі. Театрлар мемлекеттен бөлінетін бюджетке спектакль қойып келеді. Менінше, сырттан демеушілерді тартқан дұрыс. Осы жолда өзіміз де демеушілерді іздеп жатырмыз. Өйткені М.Әуезов атындағы театрда қойылатын «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» спектаклін «Рахат» компаниясы қаржыландырып, қайта шығарып жатыр. Біз де тың жобаларды жүзеге асырайық десек, қаржы жетіспегенінен кейінге қалып қояды.

— Театрлар бұрын шетелден режиссерді жиі шақырып тұратын. Қазір бұл үрдіс қалай? Қазақ режиссурасының дамуы туралы не айтасыз?

— Режиссура өсіп жатыр. Заман бір қалыпта тұрмайды ғой. Әр заман өз адамдарымен жасайды. Алдыңғы кезең жақсы режиссерлерін қалыптастырып шыққан болса, қазіргі кезең де өзінің жас актер, режиссерлерін тудырып жатыр. Шетелден режиссер шақыру дегенді қолдаймын. Бұл — тәжірибе алмасып, жаңа дүниелерді көру. Қазақтың тарихында театр кірме өнерлердің

бірі. Сондықтан оның негізгі жүйесін жасаған режиссерлерден үйренуіміз керек. Солардың бағытымен театрымыздың негізгі жолын жасаймыз.

Театрды кірме өнер деп отырғаным, бұл өнер сонау Грекиядан келді. Біздің қолданып жүрген бағытымыз, стиліміз, бәрі Ресейден келген шеберлердің тудырған дүниесі. Жаңа режиссерлер келіп спектакльдерін қойып жатса, жақсы болар еді. Мысалы, Әзірбайжан Мәмбетов Е.Вахтанов атындағы Мәскеу академиялық театрында Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» атты көркем дүниесін қойды. Сол уақытта қазақ театрларына да басқа елден келген режиссерлар қойып жүрді. Мұндай үрдіс қазір де жалғасуы керек. Әзаға театрының жаңа маусымында башқұрттық режиссер Айрат Абушахманды шақыруды жоспарлап отырмыз.

— Сіз сахналаған қойылымдарды қалың көрермен қызығып көреді. Солардың ішінде бір қайнауы ішінде кеткен спектакльдер бар ма?

— Көпшілікке ұнаса, еңбегіміздің зая кетпегені. Спектакль соңында олардың эмоциясынан, тілегенін жақсы көңіл күй сыйлағанымызға қуанамыз. Қазіргі мақсатым сол — көрермен үшін жұмыс істеймін. Ал «әттеген-ай» дейтін спектакльдер барлық жұмыста болады. «Болдым, толдым» деп айтудың өзі кате болар. Егер қандай да бір қойылым көңілімнен шықпаған жағдайда, актерлермен жеке жұмыс істеймін.

— Бұған дейін қойған спектакльдеріңіздің ішінде сізге салмағы ауыр болғаны қайсысы?

— Белгілі бір спектакльдің жүгі ауыр деп қадап айту мүмкін емес шығар. Өйткені кез келген спектакльдің қиындығы әрқилы. Техникалық тұрғыда қиын спектакльдер болды: ол — «Сәй-



Режиссура өсіп жатыр. Заман бір қалыпта тұрмайды ғой. Әр заман өз адамдарымен жасайды. Алдыңғы кезең жақсы режиссерлерін қалыптастырып шыққан болса, қазіргі кезең де өзінің жас актер, режиссерлерін тудырып жатыр. Шетелден режиссер шақыру дегенді қолдаймын. Бұл — тәжірибе алмасып, жаңа дүниелерді көру.



гүлік» муздрамасы. Себебі сахнадағы әр оқиға үлкен контейнердің қозғалысынан тұрды, көзге көрініп тұрған жарықты жасау жағы да оңай емес. Бүкіл ән жанды дауыста айтылады. Одан кейін процесс жағынан, таңдау жағынан қиын болатын спектакльдер туралы сөйлесек, бәрінің деңгейін тең көремін. Солай болған жағдайда еңбегіңіз бір күні міндетті түрде ақталады. Мысалы, «Танакөз» премьерасы Тикетон премиясын ұйымдастырған театр бөлімі бойынша «Жылдың үздік спектаклі» деп танылды.

— Әр маманның кәсіби қалыптасуында ұстаздың еңбегі зор. Сіздің ұстазыңыз кім? Ұстаз дегенде ең алдымен кімді атайсыз?

— Театрға, өнерге баулыған ұстазым көп. Бұл өнердің сиқыры мен сырын үйреткен, ғашық еткен, жаңа бағыт пен жаңа дем берген ұстазым — Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының колледжінде сабақ берген Ерлан Кәрібаев. 9-сынып бітірген бала не білсін, сол кезде мені қамшылап тұрып, өнердің қыр-сырын менгерткен осы кісі еді. Марқұм Есім Сегізбаевтан да алғаным көп. Есім ағаның тәлімін алған небір мықты актерлер, режиссерлер бар. Одан кейін «Алашұлы» тобының солисі Мақсат Рахмет ағамыздан табанды болуды, еңбекті үйрендім. Колледж бітіргеннен кейін Қазақ ұлттық өнер университетіне түстім. Ол жакта Сайлау Қамиев өнерде тағы бір биікке өсуіме септігін тигізді.

— Театрдың жаңа маусымында, жаңа қызметіңізде қандай жаңалықтар болады?

— Жаңалығымыз көп. Премьерадан бөлек, «Қасым» кітап баспасымен серіктестік орнаттық. Яғни, әр спектакльден кейін бас кітаптары театрымыздың фоесінде сатылымда тұрады. Сондай-ақ театр актерлері осы кітап баспасымен подкасттар мен сьемкалар түсіруді жоспарлады. Алдағы уақытта осы баспаның кітабында жазылған бір шығарманы сахнамызда спектакль түрінде қоятын боламыз. Премьера — әр театрдың алдағы жаңалығы. Мұндай бастамаларымыздың ең біріншісі — күш атасы Қажымұқан жайлы спектакль. Оны режиссер Ақниет Жақсығали қояды. Сахнамыздан цирктің манежін, элементтерін көресіздер. Цирктан арнайы маман алдырдық. Осы маусымнан бастап акробатика толыққанды жүреді. Жас актерлердің көбін сол жакка икемдеп жатырмыз.

100 ТОННА

АЛМА ӘКЕЛЕДІ

Алматыда қала күніне орай ауқымды концерттер, кітап фестивалі, digital-шоу және алма жәрмеңкесі сынды 200-ден астам іс-шара өтеді. Бұл туралы қала әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.



Мерекелік бағдарлама мегаполистің сегіз ауданында ұйымдастырылады. Орталық алаңдарда үлкен сахна орнатылып, танымал артистер өнер көрсетеді. Ашық аспан астындағы барлық концерт пен мәдени бағдарламаға кіру тегін. Негізгі мерекелік іс-шаралар 18-21 қыркүйек аралығында өтеді. Концерттік бағдарлама дәстүр бойынша таңнан кешке дейін жалғасады.

21 қыркүйек күні сағат 10:00-ден 21:00-ге дейін Тұңғыш президент саябағында «Alma Fest — 2025» алма фестивалі өтеді. Дәстүр бойынша, саябақ аумағы молшылық пен ұлттық дәстүрдің ауқымды мерекесіне айналады. Қонақтар үшін алма жәрмеңкесі, этноаймақ, колөнер және гастрономиялық алаң, балмұздақ фестивалі, ашық аспан астындағы кинотеатр және басқа да қызықты іс-шара ұйымдастырылады. Фермерлер 100 тонна алма алып келеді.

Жалпы, қала күні аясында Алматының барлық ауданында экологиялық акция, жалпықалалық сенбілік, флешмоб, әр кітапханада әдеби кеш, музейлерде тақырыптық көрме өтеді. Бұдан бөлек, әлеуметтік маңызы бар нысандардың ашылуы, спорттық жарыстар, мәдени және қоғамдық іс-шаралар ұйымдастырылады.

СТУДЕНТТІҢ

ФИЛЬМІ ТОП ЖАРДЫ

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының студенті Әмір Кәкеннің «Жазда атамның ауылында» фильмі АҚШ-тағы Whittier Film Festival халықаралық кинофестивалінде жеңіске жетті.

Мәдениет және ақпарат министрлігі мәліметінше, картина үздік қысқаметражды фильм деп танылып, Best Short Drama номинациясын жеңіп алды. Жас режиссердің бұл туындысы Ресейде өткен «Взрослеем вместе» халықаралық кинофестивалінде де «Қысқаметражды көркем фильм» аталымы бойынша марапатталған еді.

ЭТНОГРАФИЯ

ЗАЛЫ АШЫЛДЫ

Ұлттық музейде екінші этнография залының салтанатты ашылу рәсімі өтті.



Музейде этнография залы бұрыннан жұмыс істейді. Десе де, оған барлық құнды жәдігерді сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан басшылық жаңа зал ашуды қолға алған. Қазір мұнда 258 жәдігер, соның ішінде 47 бірегей кілем бар.

«Басты мақсатымыз — асыл мұраларды көпшілікке таныстырып, халқымыздың мәдени байлығын дәріптеу. Қорымызда екі жарым ғасырлық тарихы бар жәдігерлер бар. Соларды тұрақты түрде көрсетіп, болашақ ұрпаққа жеткізу — музейдің ең басты миссиясы», — деді Ұлттық музей директоры Берік Әбдіғалиұлы.

Жаңа залда XIX-XX ғасырлардағы зергерлік өшекейлер, кілемдер мен киіз бұйымдары (сырмақ, текемет), ұлттық киім үлгілері (ер адам, әйел, қалыңдық пен күйеу жігіттің киімі), тұрмыстық бұйымдар (сандық, кебеже, асадал) ұсынылған.

Айбике ЖАНАСЫЛ



АЙНА



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(771) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4643
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,